



ТӨЛЕБИ ТҰЫ



ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

№17 (8777) Сейсенбі, 6 мамыр 2025 жыл.

Біздің веб-сайт: <http://www.tolebituy.kz/>

Электронды почта: tolebi_tuy@mail.ru

Ассамблея бірлік пен теңдіктің СИМВОЛЫНА айналады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясында сөйлеген сөзі

Кеше Елордадағы Тәуелсіздік сарайында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Қазақстан халқы Ассамблеясының кезекті XXXIV сессиясы өтті. Кеңейтілген отырыстың күн тәртібі – «Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы: қорытындылар және болашақ міндеттер».

Қадірлі отандастар! Құрметті Ассамблея мүшелері!

Бүгінгі басқосудың тарихи мән-маңызы айрықша. Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толып отыр. Баршаңызға құтты болсын! Бұл – бүкіл Қазақстан үшін айтулы оқиға. Осы уақыт ішінде Ассамблея қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді нығайтуға өлшеусіз үлес қосты. Еліміздегі бірлік пен теңдіктің, тұрақтылық пен тыныштықтың символына айналды. Этносаралық қатынас саласындағы төндессіз қоғамдық институт ретінде танылды. Соның арқасында Қазақстанда бейбітшілік пен келісімнің қайталанбас үлгісі қалыптасты.

Ассамблея тарихы еліміздің егемендік жылнамасымен тығыз астасып жатыр. Ұйым 1995 жылы Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылғанын білесіздер. Бұл бастама қазақ мемлекеттілігі қалыптасып жатқан қиын кезеңде терең саяси мөнге ие болды. Консультативтік-кеңестік орган ретінде жасақталған Ассамблеяға 2007 жылы конституциялық мәртебе берілді. Ұйым жалпыұлттық бірліктің негізгі моделіне айналды.

Елімізде соңғы жылдары атқарылған ауқымды өзгерістердің арқасында Ассамблея қызметі жасампаздықтың жаңа сипатына көтерілді. Сенаттың бес депутатын Ассамблея кеңесінің ұсынысымен Президент тағайындайды. Бұл қадам заңнамалық деңгейде барлық этностың мүддесін қорғау мүмкіндігін едәуір арттырды. Оған қоса, Қазақстан парламентаризмі тарихында алғаш рет «Бір ел – бір мүдде» атты палатааралық депутаттар тобы құрылды. Бұл топ қоғамдық келісімді нығайту



мәселелерімен айналысады. Қазір мемлекеттік органдар түгел Ассамблея жұмысына атсалысады. Министрліктерден, облыс әкімдіктері мен барлық деңгейдегі мәслихаттардан бастап ауыл әкімдіктеріне дейін одан шет қалмайды.

Ассамблея қоғамдық ұйымдармен және институттармен тығыз байланыста жұмыс істеп, еліміздің ішкі саясатын жүзеге асыруға белсене атсалысып келеді. Осылайша, мемлекет пен қоғам арасында сындарлы өрі жемісті сұхбат, яғни, диалог орнатуға ықпал етуде. Қазақстан халқы Ассамблеясының 12 мүшесі Ұлттық құрылтай құрамында табысты еңбек етіп, елдік бастамаларға өз үлесін қосып жатыр.

Ассамблея сессиясы жыл сайын өтеді. Онда қабылданған шешімдерді мемлекеттік органдар міндетті түрде ескеруге тиіс. Сессиялар аралығындағы жұмысты Ассамблея кеңесі атқарады. Оның құрамына этномәдени бірлестіктердің өкілдері, қоғам қайраткерлері, Парламент депутаттары, министрлер мен әкімдер кіреді.

ҚХА Хатшылығы Президент Әкімшілігінің дербес құрылымдық бөлімі саналады. Барлық өңірде Достық үйі бар. Онда мыңнан астам этномәдени бірлестіктер орналасқан. Сондай-ақ облыс әкімдіктерінде «Қоғамдық

келісім» мемлекеттік мекемелері құрылды. Ассамблея құрылымында төрт мыңнан астам қоғамдық ұйым жұмыс істейді. Бұл ұйымдардың мақсаты – бір, бұл – азаматтарымызды елдік маңызы бар жұмысқа тарту, яғни ортақ іске жұмылдыру. Мысалы, Ақсақалдар кеңесі мен Аналар кеңесі отбасы институтын нығайтуға, жалпыұлттық құндылықтарды дәріптеуге атсалысып, ауқымды жұмыс жүргізуде.

Бүгін өріптесіміз Ахмед Мурадов және басқа да Ассамблея мүшелері ҚХА ардагерлерінің «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруға белсенді түрде қатысатынын айтты. Мұндай жұмыстар ұлтымыздың жаңа болмысын қалыптастыруда Ассамблеяның өлеуетін кеңінен қолдануға мүмкіндік беретініне сенімдімін.

«Ассамблея жастары» ұйымы мен оның құрамындағы Студенттік Ассамблея, Жас ғалымдар клубы, «Жаңа толқын» жобасы сияқты құрылымдар мыңдаған жастарымыз үшін нағыз бірлік пен ынтымақ, отаншылдық пен азаматтық жауапкершілік мектебіне айналды. Осы қозғалыстардың әрқайсысы елімізде жаңа қоғамдық этиканы орнықтырып, «Адал азамат» қағидатын насихаттауға елеулі үлес қосып жатыр.

Этносаралық түсініспеушіліктердің алдын алуда маңызды рөл атқаратын ҚХА-ның этномәдени институтына тоқталғым келеді.

Соңғы уақытта Ассамблея қызметіндегі сарапшылық құрамның сапасы жаңа деңгейге көтерілді. Ғылыми-сарапшылар кеңесі мен 42 Ассамблея кафедрасы ұлт құрылымы мен этносаралық қарым-қатынастар үдерісін зерттейтін 360-тан астам сарапшыны біріктіріп отыр.

ҚХА мүшелері күн сайын көзге көрінбейтін, бірден нәтиже бермейтін, алайда, ұзақ мерзімді, стратегиялық тұрғыдан тиімді, ауқымды жұмыс жүргізеді. Өткен жылдың өзінде Ассамблея барлық өңірде 15 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырды. Оған 1 миллионға жуық адам қатысты.

(Жалғасы 2-3-беттерде).

Тағайындау



«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 19-бабының 2-тармағына сәйкес конкурстық комиссияның 2025 жылғы 24 сәуірдегі №2/8 хаттамасы және еңбек шарты негізінде **Амалбек Дәркенұлы ӨМІРТАЙ** 2025 жылғы 2 мамырдан бастап арнайы тексеруден өткенге дейін бірінші қол қою құқығымен Төлеби ауданы әкімі аппаратының басшысы міндетін уақытша атқарушы болып қабылданды.

Амалбек Дәркенұлы 1994 жылғы 10 сәуірде Шымкент қаласында дүниеге келген. 2015 жылы Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін өлемдік экономика мамандығы бойынша бітірген, осы оқу орнында магистратурада білім алып, 2017 жылы магистр дәрежесін иеленген.

Еңбек жолын 2015 жылы 10 қыркүйекте «ПетроҚазақстан» АҚ-ның кадр және құжат айналымы бойынша инспекторы болып бастаған.

2017-2023 жылдары ҚР Ұлттық экономика министрлігі Халықаралық ынтымақтастық департаменті интеграциялық бірлестіктермен ынтымақтастық басқармасының сарапшысы; Алматы мемлекеттік сервис және технологиялар колледжінде директордың орынбасары, Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де оқытушы; «Өлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы «Түркістан» АҚ-ның «Turkistan Invest» филиалы директорының міндетін атқарушы; Түркістан облысы «Жастар ресурстық орталығы» КММ басшысы; Кентау қаласы әкімі аппаратының басшысы; «Қаратау саяхат» ЖШС атқарушы директоры болып еңбек еткен. 2023 жылғы 1 қыркүйектен Төлеби ауданы әкімі аппараты басшысы қызметіне келгенге дейін Астана қаласындағы «ҚР Ұлттық музейі РМҚК директорының орынбасары қызметін атқарды.

«Төлеби-ақпарат».

Құрметті төлебиліктер!

Сіздерді еліміздің айбынды мерекесі 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні, 9 мамыр Ұлы Жеңіс күнімен құттықтаймын!

Бұл күн Отанымызға қызмет етіп, еліміздің егемендігі мен ұлттық мүдделерін қорғайтын, оның тарихи жеңісті дәстүрлерін жалғас-

қан саңлақтардың рухына құран бағыштап, еске алуға арналған мерекенің әрбіріміз үшін, қоғам мен мемлекет үшін де маңызы ерекше. Сұрапыл соғыста қаза тауып, халқы үшін құрбан болған жауынгерлердің есімдерін ардақтап ұлықтап, құрметпен еске аламыз. Тарих еншісінде қалған соғыс енді қайта-

Ерлік пен өрлік ұрпақ жадында МӘҢГІ сақталады

тырып келе жатқан барша азаматтарға ерекше құрмет болып табылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Елін қорғау – әрбір азаматтың перзенттік парызы. Туған жерге деген шексіз сүйіспеншіліктің жарқын көрінісі. Мемлекетіміздің қорғаныс қабілетін арттыру – негізгі стратегиялық мақсатымыздың бірі» деді мерекелік құттықтау сөзінде.

Армия – мемлекеттігіміздің мызғымас тірегі, Тәуелсіздігіміздің кепілі. Отан қорғаушы күнін Жеңіс мерекесі қарсаңында атап өтуіміз тегін емес. Бұл үздік әскери дәстүрлердің сақталғанының, ұрпақтар сабақтастығының көрінісі.

Отан үшін от кешіп, Жеңіс күнін жақындат-

ланбасын деп тілеп, сондағы айбарлы ата-апаларымыздың жан аямас жаужүректілігі мен тыл еңбеккерлерінің ерен еңбектеріне құрметпен бас иеміз.

Ұлы Отан соғысына Төлеби ауданынан 10862 жауынгер қатысты. 5 жерлесіміз Кеңестер Одағының Батыры атағына ие болды, жүздеген жауынгерлеріміз «Даңқ», «Отан соғысы» ордендерінің иегері атанды. Жеңіс жауынгерлерінің ерлігі мен өрлігі ұрпақ жадында мәңгі қалмақ.

Қос мереке құтты болсын! Қарулы Күштеріміздің мерейі үстем болсын!

Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке тілеймін!

Ізгі ниетпен, аудан әкімі **Е.ӘЛІМҚҰЛОВ**.

Ассамблея бірлік пен теңдіктің

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

Былтыр көктемгі су тасқыны кезінде азаматтарымыз зардап шеккен жандарға көмек қолын созып, ырысты ынтымақ пен бірліктің тамаша үлгісін көрсетті. Ассамблеяның «Жүректен жүрекке» жобасы аясында 12 мыңнан астам ерікті ортақ іске жұмыла кірісті. Олар гуманитарлық көмек пен жылу жинады. Қираған үйлерді қалпына келтіруге атсалысты. Жалпы, ел бірлігін нығайту ісінің стратегиялық маңызы ерекше. Соның айқын дәлелі ретінде Ассамблеяның «Ел бірлігі» ордені атты жаңа мемлекеттік награда тағайындалды. «Бірлік» ұғымы қазіргі дүние жүзіндегі тұрақсыз жағдайда аса маңызды. Әлемде, әсіресе, біздің айналамыздағы кейбір елдерде не болып жатқанына бәріміз куә болып отырмыз. Сондықтан шын мәнінде, «Бірлік бар жерде ғана тірлік бар». Бұл – ақиқат.

Ассамблея қоғамда кәсібилік және еңбекқорлық құндылықтарын дәріптеуге белсене атсалысып келеді. Александр Папп Ассамблеяның Жұмысшы мамандықтары жылын өткізуге белсене кіріскенін атап өтті.

Өткен жылы Еңбек күнінде Сенат пен Мәслихат депутаттары Ассамблея мүшелерімен бірге еліміздің ірі кәсіпорындарына барып, өндіріс ардагерлеріне құрмет көрсетті. Бұл бастаманы Еңбек күнін атап өтудің жаңа дәстүрі ретінде биыл да жалғастыруға болады. Осылайша, Ассамблея бүгінде қоғамдық келісімнің бірегей инфрақұрылымын қалыптастырған қуатты тармақтары бар институтқа айналды. Жер жүзінде мұндай бірегей ұйым құра білген мемлекет кемде-кем. Ассамблеяның арқасында еліміздегі барлық этностар Қазақстандағы оң өзгерістердің бел ортасында жүр.

Қазақстанның Еңбек Ерлері Георгий Проккоп, Владимир Розметов, Юрий Пя, Иван Сауэр, Борис Князев, Алина Соловьёва, Вадим Басин, Александр Хмельев, Геннадий Зенченко және басқа да тұлғаларды азаматтық жауапкершілік пен Отанға адал қызмет етудің жарқын үлгісі деп айтуға болады. Олар – бүгінгі заманның адал азаматтары, Қазақстанның дамуына мол үлес қосқан тұлғалар. Ассамблеяның жанашыр әрі белсенді азаматтардың жолын ашатын шынайы саясат мектебі және тиімді әлеуметтік баспадақ деуге болады.

Этномәдени бірлестіктерде, Ассамблеяның түрлі құрылымдарында өте білікті мамандар еңбек етуде. Мен жалпыұлттық бірлік пен татулықты нығайту жолында адал қызмет етіп жүрген Ассамблеяның барлық белсенді азаматтарына шынайы алғысымды айтамын.

Туған жерге пайдамды тигізсем деген алғаусыз ниетті өмірінің мәніне айналдырған олар нағыз отаншылдық пен адал азаматтың үлгісін көрсетті.

Ассамблея Төрағасының қоғамдық орынбасарлары ретінде жыл бойы лайықты еңбек еткен Лугмар Харкиевич Буларов пен Юрий Германович Шинге ризашылығымды білдіремін. Ассамблея Төрағасының орынбасарлары болып жаңадан тағайындалған Дмитрий Валерьевич Останькович пен Расул Сурмалиевич Ахметов – қоғам құрметтейтін абыройлы азаматтар. Олардың білімі мен білігі Ассамблеяға үлкен пайдасын тигізеді деп сенемін.

Әр жылдары елімізде түрлі диалог алаңдары мен қоғамдық органдар құрылды. Алайда, бүгінгі мерейтойлық жиында Ассамблеяның қоғамды ортақ мақсатқа жұмылдыру мен ұлттық бірегейлікті бекіту ісінде баламасы жоқ басты платформаға айналғанын және алдағы уақытта да солай болып қала беретінін атап өткім келеді. Ассамблея – мемлекетімізге арқау болған аса маңызды құрылым. Бұл – Ассамблеяға артылатын жүктің салмағы да жеңіл емес деген сөз. Ұлттық мүдделерімізді қорғап, егемендігімізді нығайту – қастерлі парыз. Мұны Ассамблея мүшелері терең сезінеді деп ойлаймын. Ассамблея барша азаматтарды ортақ құндылықтар мен мақсаттарға жұмылдыратын жалпыхалықтық орган ретінде жұмыс істеуі керек. Басты міндет – Қазақстан халқының татулығы мен ауызбіршілігін, мемлекетіміздің тұтастығы мен киелі Тәуелсіздігімізді нығайту. Алдағы уақытта да солай болып қала бермек. Біз болашақта да осы бағытта нақты шаралар қабылдаймыз. Мен 2025 жылы Ассамблеяны дамыту тұжырымдамасын бекіттім. Оның мерзімі де аяқталып келеді. Сондықтан жаңа құжатты дайындау жұмысына қазірден бастап кірісу керек, яғни 2026-2030 жылдарға арналған басымдықтарды айқындау керек. Тұжырымдаманың жобасында қоғамды ұйыстырып, үйлесімді дамуға жол ашатын жаңа әдіс-тәсілдер көрініс табуы керек. Сондай-ақ, Қазақстанда өмір сүріп жатқан барлық этностардың құқықтарын қорғауға арналған негізгі қағидаттар көрсетілуге тиіс.

Үкімет этносаралық саладағы республикалық және өңірлік жұмыс жоспарының барлығын жан-жақты сараптап, оның тиімділігін арттыруға қатысты ұсыныс енгізуі қажет. Жалпы, ұлт бірлігін нығайтуда барлық мемлекеттік және қоғамдық механизмдерді жетілдіруді жалғастыру керек.

Енді бірқатар маңызды міндеттерге қысқаша тоқталайын.

Біріншіден, Ассамблея аймақтардағы жұмысты жандандыруы керек. Былтыр еліміздің рухани және тарихи-мәдени ордасы – Түркістанда жаңа Достық үйі ашылды. Енді осындай Достық үйін халық тығыз

қоныстанған Алматы облысында салу қажет. Бұл ғимарат аймақтың қоғамдық өмірі үшін өте маңызды орталық болмақ. Түрлі этнос өкілдері тұратын Қордай, Ұйғыр, Сайрам, Панфилов және басқа да аудандарда Ассамблея ашу керек. Сонымен қатар Достық үйлері тағы бірнеше қала мен аудан орталығында ашылады деп жоспарланып отыр. Мен бұл бастаманы қолдаймын. Біз қоғамдық келісім инфрақұрылымын біртіндеп кеңейте беруіміз керек. Барлық аймақтағы Достық үйлерін өз азаматтарымыз да, қажет болып жатса, шетелдік қонақтар да баратын туристік бағыттар картасына енгізген жөн. Құзырлы орган басшылары мен әкімдер Ассамблеяның этномедиация саласындағы жұмысына жан-жақты қолдау көрсетуге тиіс. «Елдесу және татуласу» жобасының ауқымын кеңейтіп, оны алдағы екі жылда бүкіл елге тарату қажет. Үкімет пен әкімдер Ассамблеяның басқа да жобаларын қоғамдық-саяси жұмыс жоспарларына қосып, нақты шаралар қабылдауы керек.

Екіншіден, ақпараттық кеңістікте бірлік пен келісім идеяларын кеңінен дәріптеу маңызды. Бұл – Ассамблеяның барлық құрылымына, әсіресе, журналистер клубына қатысты кезек күттірмейтін міндет. Салалық министрлік, өңір әкімдері ҚХА журналистер клубының құрамына жетекші бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін қосып, клуб жұмысының бірыңғай алгоритмін жасауы керек. Қазақстандағы этностардың тілінде шығатын, ең алдымен, өңірлердегі бұқаралық ақпарат құралдарына жүйелі түрде қолдау көрсеткен жөн.

Үшіншіден, «Бірлігіміз – әралуандықта» қағидатын жүзеге асыру үшін мәдениет пен өнердің әлеуетін толық пайдаланған дұрыс. Александр Пушкин, Тарас Шевченко, Федор Достоевский, Михаил Шолохов және басқа да тұлғалардың музейлері – Қазақстан мәдениетінің баға жетпес қазынасын толықтырып тұр. Бұл музейлерді көпшілікке таныту үшін экспозицияларын Астана мен Алматыда және басқа да қалаларда ұйымдастыру маңызды. Кейбір этномәдени бірлестіктер бірегей өнер және этнографиялық жеке коллекцияларды жинады. Бұл да еліміздің мәдени мұрасына айналуда тиіс.

Қазақстанда 9 орыс драма театры табысты жұмыс істеп жатыр. Сондай-ақ, ерекше төрт этнос театры, яғни, ұйғыр, корей, өзбек және неміс театрлары көрерменнің көзайымы болып жүр. Ассамблеяның 30 жылдығы аясында Алматыда бөрінің басын қосып, Қазақстан этностары театр өнерінің фестивалін өткізсек болады. Халық көп келеді деп ойлаймын.

Наталья Дубс ханым театр мен мәдениет саласына техникалық мамандарды даярлау мәселесін орынды көтеріп отыр. Бұл бастаманы зерттеп, оны жүзеге асыруға көмектесу қажет.

Соңғы жылдары еліміздің саяси-идеологиялық келбеті түбегейлі өзгерді. Экономикада жүйелі реформалар қолға алынды. Ең бастысы, қоғамның сана-сезімі өзгере бастады. Соңғы жылдары саяси оқиғаларға баға беру тұрғысынан халқымыздың көзқарасы да жаңа сипатқа ие болды. Алға қарай адымдап қадам басты деуге болады. Біз заманауи және алдыңғы қатарлы қоғамға айналдық. Мұның бәрі біздегі қоғамдық келісім үлгісіне де тың талаптар қояды. Кеше ғана тиімді саналған әдіс-тәсілдер бүгін жарамсыз болуы мүмкін.

Бізге ескіліктің ізіне қайта түспеу үшін барлық жетістіктеріміз бен сәтсіздіктерімізді таразы басына қойып, зерделеу қажет. Ең әуелі, Ассамблея қызметінің мәні мен мазмұнын қайта қараған жөн. Менің түсінігімде Ассамблея мемлекеттің этносаралық саладағы барлық жұмысына бағыт беретін стратегиялық штабқа айналуы керек.

Аталған нақты міндеттерді жүзеге асыру ұлтаралық қарым-қатынас сияқты маңызды әрі нәзік салада, жалпы идеология бағытында атқарылып жатқан ауқымды істерді жаңа мазмұнмен толықтыратынына сенімдімін. Ұлт-аралық келісім мен тұрақтылықты нығайту – мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі және солай болып қала береді. Қазақстанда келісім, төзімділік, достық ұғымдары құр ұран емес, азаматтардың күнделікті өмір салтына айналған құндылық. Ауқымды қақтығыстар, сауда соғыстары, адам өмірінің құнсыздануы кезеңінде бейбітшіліктің қадірі ерекше арта түсті. Өйткені, бұл – дамудың басты кепілі. Барлығымыз қал-қадерімізше бейбітшілікті сақтауға атсалысамыз. Мен бұған дейін барлық өкімдерге тұрақты түрде этносаралық, ұлтаралық келісім мәселесіне арналған жиналыс өткізіп тұруды тапсырдым. Орталық және жергілікті атқарушы органдар осы маңызды саланы жіті назарда ұстауы керек. Этносаралық және конфессияаралық қатынас мәселесін ешқашан саясат немесе түрлі арандату құралына айналдыруға болмайды. Бұл – мемлекеттің де, бүкіл қоғамның да бұлжымас қағидасы.

Қазақстанда адамды ұлтына, тіліне, дініне қарай кемсіту ешқашан болған емес, болмайды да. Барша азаматтарға бірдей мүмкіндік берілген. Бұл – нағыз әділдік, әділетті мемлекеттің ажырамас бөлігі. Тағы да айтарым: елдің бірлігі мен татулығы ең негізгі құндылықтарымыздың қатарында тұр. Бұл – мемлекеттік саясаттың басты тұғыры. Болашақта да солай болмақ. Осы стратегияның арқасында түрлі этнос өкілдері бір шаңырақтың астында бір үйдің баласындай тату-тәтті

өмір сүріп жатыр. Бұл – мағынасы терең нақты жетістік. Отаншылдық, азаматшылдық, өзара сенім мен жауапкершілік – Қазақстан халқының жалпыұлттық бірегей болмысын айқындайтын құндылықтар. Қазақ жерінде тұрып жатқан барлық этнос өкілдері өздерінің тілін, мәдениетін және салт-дәстүрлерін жан-жақты дамыта алады. Оған қажетті барлық жағдай жасалған. Біз біреуге еліктеп, жан-жағымызға жалтақтаған емеспіз. Ең бастысы, ұлтаралық қатынастар саласында озық әдіс-тәсілдерді қолданып, тек алға қарай жүрдік, болашақта да солай болу керек.

Соның арқасында біздің елімізде қалыптасқан қоғамдық келісім үлгісі шын мәнінде біздің халықаралық «бренд-дүмізге», беткеуіміз жетістігімізге айналды.

Этносаралық қатынастар мен ұлттық бірліктің бүкіл құрылымы «Біз – әртүрліміз, бірақ бәріміз теңбіз» деген мызғымас қағидаға негізделген. Мемлекет азаматтардың ұлтына, діни нанымына немесе әлеуметтік мәртебесіне қарамай, бәріне бірдей әділ әрі тең жағдай жасайды. Бұл – мемлекеттік саясаттың басты ұстанымы. Біз популистік асығыс шешімдерден бойымызды аулақ ұстаймыз. Әрқашан нақты жағдайға қарап, байыпты саясатты басшылыққа аламыз. Бұл, ең алдымен, мемлекеттік тілдің мәртебесін этносаралық қатынас тілі ретінде бекіту мәселесіне тікелей қатысты. Бұл жөнінде журналист Алла Гаврина дұрыс пікір айтты. Меніңше, ол басқа да әріптестерінің атынан өте жақсы ұсыныс білдірді.

Бүгінде түлектердің 80 пайызға жуығы Ұлттық бірыңғай тестілеуді мемлекеттік тілде тапсырады. Биыл алғаш рет мектепке баратын балалардың 70 пайыздан астамы қазақ тілінде оқитын болады.

Әрине, елімізде азаматтар бір-бірін немесе мінберде сөйлеп тұрған адамды «мына тілде сөйле» деп мәжбүрлеуге тиіс. Тіл мәселесін ту етіп қоғамда алауыздық туғызғысы келетін, ел ішіндегі жағдайды шиеленістіруге ұмтылатын әрбір әрекетке тосқауыл қойылып, заң жүзінде жазаланады. Бұл ретте үй ішіндегі ғана емес, шетелде отырып әлдебір ұйымдардың ақшасы мен тапсырмасына деструктивті әрекетпен айналысатын арандатушылар туралы да айтып отырмыз.

Былтыр мен Ұлттық құрылтай отырысында бірлік, отаншылдық, тәуелсіздік және келісім мемлекетіміздің негізгі құндылықтары деп атап көрсеттім. Бәрі де осы құндылықтардан басталады. Сондықтан осы жерде тағы да қайталап айтқым келеді: халқымыздың татулығын бұзып, ел ішіне ірікті салғысы келетіндер заңға сәйкес қатаң түрде жауапқа тартылады, тиісті жазасын алады. Ал, ынтымақ пен бірлікті нығайтуға үлес қосқан азаматтар әрдайым зор құрметке ие болады.

Күріш пен күрмекті, конструктивті сын мен дәлелсіз мін тағуды, көңілге тимейтін пародия мен жиіркенішті қорлауды айыра білу маңызды. Заң алдында бәрі тең. Сол себепті біз еліміздегі этносаралық келісім мен бейбітшілікке нұқсан келтіретін кез келген арандатушы жолын кесіп келеміз, бұдан әрі де қатаң тосқауыл қоямыз. Өздерін сөз еркіндігінің жақтаушысы ретінде көрсеткісі келетін кейбір құқық қорғау ұйымдарының өкілдері, блогерлер мен журналистер еліміздегі әр істен саяси, жағымсыз астар іздеп, шын мәнінде, арандатумен айналысып жүргенін айтпасақ болмайды. Бұл Қазақстаннан көшіп кетіп, шетелде жүріп халқымызға шабуыл жасайтын, тіпті, мемлекеттік органдарды болсалайтын бұрынғы азаматтарымыздың әрекеті. Олар шет мемлекеттер берген ақшаны ақтауға жұмыс істеп жүр. Бүгінде мұны бәрі біледі. Демократияны біреудің қаржысымен орнатуға болмайды. Еліміздің әл-ауқаты, соның ішінде демократия мен сөз бостандығы үшін шетелде ешкімнің басы ауырып, балтыры сыздамайды. Оны нақты түсінген жөн.

Жақында шетелдік үкіметтік емес ұйымдардың әрекеттері әшкереленді. Сонда олардың арам ниеті, ашкәздігі мен Қазақстанға жаны ашымайтыны анық көрінді. Сондай-ақ, кейбір танымал грант алушы отандастарымыздың көлеңкелі әрекеттері де белгілі болды. Қазақстанда проблема жоқ демейміз. Әрине, басқа елдердегідей бізде де түйткілдер бар. Бірақ біз оны өлдіктердің үйретуімен немесе әдістемесімен емес, өзіміздің ұлттық мүддеміз бен заңнама аясында шешеміз. Осындай қисынды әрекеттерімізді халқымыздың басым көпшілігі мен ниеті адал халықаралық серіктестеріміз дұрыс түсінетініне сенімдімін. Идеологиялық өшпенділік – біздің дүниетанымымызға мүлде жат. Дәстүріміз бен құндылықтарымыз, болмысымыз бен өмір салтымыз ұлттымызды біртұтас тарихи-мәдени және саяси қауым ретінде біріктіріп, тұтастығын бекемдейді.

Көк паспортымыз ұлттық бірегейлігіміздің айқын нышанына айналды. Жыл өткен сайын төлқұжатымыздың абырой-беделі көтеріліп келеді. Бұл халықаралық қауымдастықтың бізге деген қызығушылығы артып, еліміздің ықпалы күшейе түскенін көрсетеді. Әр құрлықтағы түрлі мемлекеттің азаматтары тұрақты тұру немесе демалу үшін біздің елді жиі таңдайтын болды. Бұл – кездейсоқтық емес. Қазақстан беделді халықаралық рейтингтердегі қауіпсіздік индексі бойынша айналамыздағы көптеген мемлекеттердің бәрінің дерлік алдында тұр. Ал заң үстемдігі индексында «Төртін пен

СИМВОЛЫНА айналады

қауіпсіздік» көрсеткіші бойынша, 142 елдің ішінен 43-орынға табан тіреді.

Мұның бәрі Қазақстанды жайлы әрі өмір сүруге қауіпсіз аумаққа айналдыруға бағытталған күш-жігеріміздің нәтижесі. Қастерлі Отанымызды көркейту – баршаға ортақ парыз. Менің бастамамен былтырдан бері «Таза Қазақстан» акциясы жүзеге асырылып жатыр. Жалпыұлттық жобаға 6 миллионнан астам адам қатысты. 1,6 миллион тоннадан аса қоқыс жиналды. 3,3 миллион көшет отырғызылды. «Таза Қазақстан» бұл – біздің бүгінгі және ертеңгі күніміздің кепілі. Сондықтан жұмыс үздіксіз жалғаса береді. Біз әр азаматтың, әсіресе, жастардың бойына тазалық, ұқыптылық, жауаптылық сияқты қасиеттерді сіңіруіміз керек. Таза я тазалық, бұл – киелі сөздер. Ары таза адам ешқашан елін сатпайды. Біз «Қазақстан – ортақ үйіміз» деп үнемі айтамыз. Сондықтан еліміз таза, тартымды, мәдениетті болуы керек. Ассамблея бұл идеяны жан-жақты дәріптеп келеді. Бұл – өте тиімді әрі пайдалы жұмыс. Тазалық әр үйден басталуы керек. Сонда ғана «Таза Қазақстан» боламыз. Кішкентай кезінен тазалыққа үйренген бала кейін жауапкершілігі жоғары, саналы азамат болып өседі. Елге жанашыр болады. Сондықтан бүгін мен Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерін, барлық этномәдени бірлестіктерді «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясына белсене қатысуға шақырамын. Бұл – жай науқан емес, бұл – өскелең ұрпаққа озық білім мен тәлім-тәрбие беру деген сөз.

Еліміздегі барша азаматқа қатысы бар идеологиялық маңызды іске әр қаланың, ауылдың, көшенің және ауланың тұрғындарын жұмылдыру керек. «Таза Қазақстан», бұл – шынайы отаншылдықтың көрінісі. Бәріміз Әділетті, Қауіпсіз және Таза Қазақстанда өмір сүргіміз келеді.

Қазақстан – тағдырдың жазуымен шетте туып, шетте өскен барша қазақтың тарихи Отаны. Шетелдегі қазақтардың басым көпшілігі ана тілі мен ата дәстүрін берік ұстанып келеді. Ел бірлігі – ең алдымен, күллі қазақтың бірлігі. Екіншіден, ел бірлігі – қасиетті қазақ жерін мекен еткен барша этностың бірлігі. Біз бұл туралы үнемі айтамыз.

Кезінде Қазақстанға миллиондаған адам жер аударылды. Халқымыз олардың ешқайсысын жат көрмей, бауырына басты. Сол буыннан тараған миллиондаған адам – қазір Қазақстанның толыққанды адал азаматтары. Олар мемлекетімізді дамытуға зор үлес қосып, ел игілігіне қызмет етіп жүр.

Қазақ жұрты егемендігін алған соң қандастарымыздың елге қайтуына жол ашылды. Қазақстаннан да көптеген адам өзінің тарихи атамекеніне оралды. 4 миллионға жуық отандасымыз Германияға, Польшаға, Израильге және басқа елдерге көшті. Бірақ, олардың көбі қазақ жұртының жақсылығы мен қамқорлығын ұмытпайды. Қазақстанның туын төріне іліп, елге деген сағынышын көрсетіп отырады. Қазақша сөйлеп, қазақша ән айтып, қазақтың салт-дәстүрін ұстанады. Жыл сайын Наурыз мейрамын атап өтеді. Барша Қазақстан азаматтары, шетелде тұрып жатқан барлық отандасымыз – бәрі де бір үлкен отбасы деуге болады. Отбасы құндылықтарын нығайту – тұрақты және үйлесімді қоғамның негізі, еліміздің жарқын болашағының кепілі. Жан-жақты дамыған тұлға да, жауапкершілігі зор азамат та, Отанға деген сүйіспеншілік те отбасында қалыптасады. Біз еліміздің әр шаңырағы, әр азаматы тойлайтын мерекеге құрметпен қарап, кеңінен дәріптеуіміз керек. Міне, сондай нағыз халықтық мерекелердің бірі, бұл – Наурыз мейрамы. Биыл жаңа тұжырымдамаға сай біз Ұлыстың ұлы күнін ерекше атап өттік. Көктемгі көңіл-күй мен мызғымас бірлік мерекесі еліміздің әр аймағында тойланды. Осылайша, біздің қоғамда жасампаз жаңа дәстүрлер қалыптасып, орнығуда.

Бірер күн бұрын достық пен бірлік рухында Пасха мерекесін атап өттік. Шуақты мереке қарсаңында митрополит Александр Қазақстандағы қызметіне 15 жыл толуына орай жоғары мемлекеттік награда – I дәрежелі «Достық» орденімен марапатталды. Биыл православ және католик қауымдарының Пасха мейрамы қатар келді. Мұның символдық мәні зор. Бұл – сирек қайталанатын құбылыс. Орайлы сәтті пайдалана отырып, еліміздегі барша христиандарды осынау мерекемен тағы да құттықтаймын. Шетелдік қонақтар Қазақстанда түрлі салт-дәстүрдің бір-бірімен үйлесім тапқанына таң қалады. Бұл олар үшін мультикультурализм және мультиэтникалық тұжырымдамалар тоқырауға ұшырап, тіпті, жоққа шығарылып, батыс әлемі жаһанданудан бас тартып, оқшаулануға қадам басып жатқан кезеңде қайран қаларлық құбылыс. Біздің іс жүзіндегі тәжірибемізден мәдениетті жатсынбайтын бірегей болмысымызды аңғаруға болады. Діліміз бен тұрмыс салтымыздың бір бөлігіне айналған нағыз халықтық мейрамдарға баса назар аударуымыз қажет. «Наурыз», «Масленица», «Сабантой» және басқа да халықтық мерекелер ас ішіп, аяқ босататын, көңіл көтеретін ғана емес, ұлтымыздың рухы мен тарихын көрсететін іс-шаралар. Қазақстандағы көптеген этностың дәстүрі, тілі, әдет-ғұрпы осы жиындарда тоғысады. Бұл – «Бірлігіміз – әралуандықта» деген қағидаттың нақты көрінісі.

Қазақ қашанда көршісін қадірлей білген. Қуанышта да,

қиындықта да көршісіне сүйенген, көршінің қасынан табылған. «Көрші ақысы – тәңір хақысы» деген ұғым дінімізде және дәстүрімізде бар. Бұл – бізге атадан қалған өсиет, андан берілген қасиет. Халқымыздың тату көршілік дәстүрі өлі де жалғасып келеді. Қоныстас адамдар ұлтына, дініне, тіліне қарамастан араласып, құраласып жатады. Қазақстан көрші мемлекеттермен достықты нығайта түсуге айрықша мән береді.

Ресей – Қазақстанның бұрыннан келе жатқан негізгі стратегиялық серіктесі әрі сенімді одақтасы. Қытай елімен ықпалдастық тамыры да тереңде жатыр. Қытай халқы қазақ халқына ешқашан зиян келтірген жоқ, болашақта да зиян келтірмейді. Алатауды тең жайлаған қырғыздар – бір туған бауырларымыз. Ежелден еншілес өзбек ағайынды өз ағам деп қадір тұтамыз. Түбіміз бір деп түркімендерді туыс санап, шын жүректен құрметтейміз. Қарт Каспийдің жағасындағы өзербайжан еліне деген ықыласымыз да ерекше. Бір сөзбен айтсақ, көрші елдермен қарым-қатынасымыз бауырластық рухында дамып келеді. Біздің арамдыда түйткілді мәселе жоқ. Қазақстан мен Ресей құрлықтағы ең ұзын шекараны әуел бастан дау-дамайсыз шегендеп алды. Жақында Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан ұзақ жыл бойы шешімін таппаған шекара мәселесі бойынша ортақ мәмілеге келіп, тарихи келісімге қол қойды деп айтуға болады. Біз бауырлас елдер үшін қуанамыз, оларды әрдайым қолдаймыз.

Қазіргідей аумалы-төкпелі заманда ауызбіршіліктің қадірі арта түскені сөзсіз. Бейбітшілік пен тұрақтылық – тағдырдың бізге бере салған сыйы емес. Бұл – бір ел, бір халық болып атқарып жатқан қажырлы еңбектің жемісі. Біз сындарлы сәтте жұрт болып жұмыла білеміз. Бұған былтыр Ақтау маңында ұшақ апаты болғанда тағы бір мәрте көзіміз жетті. Азаматтарымыз зардап шеккен адамдардан көмегін аяған жоқ. Кезекке тұрып, қан тапсырды. Өзербайжан Елшілігіне барып, гүл шоқтарын қойды. Бүкіл әлем халқымыздың ұйымшылдығы мен жанашырлығына тәнті болды. Халқымыздың жүрегі – кең, пейілі – ақ, ниеті – таза. Мейірімділік, қамқорлық және тілеуестік – біздің ұлттық ерекшелігіміз. Біз осы құндылықтарымызды сақтап, өскелең ұрпақтың бойына сіңіруіміз керек.

Құрметті сессияға қатысушылар! Қадірлі отандастар!

Енді екі аптадан кейін әлемдік маңызы бар тарихи оқиға – Ұлы Жеңіске 80 жыл толады. Біз бұл мерейтойды кең көлемде атап өтеміз. Қазақстанның майдангерлері мен тыл еңбеккерлері – барша халқымыз Отан үшін отқа түсті. Ұлы Жеңістің тағлымы барша халыққа, әсіресе, саясаткерлерге ксенофобияға, нәсілдік және ұлттық үстемдікке, халықаралық құқық қағидаттарын құрметтемеуге құрылған жауапкершіліктен жұрдай саясат жүргізудің салдары қандай қасіретке әкелетінін әлі күнге дейін көрсетіп отыр.

Бірер күн бұрын менің тапсырмамен Республикалық ономастикалық комиссия елді мекендердегі 500-ден астам көшеге бұған дейін елеусіз қалған жергілікті қаһармандардың есімін беру туралы шешім қабылдады. Ең алдымен, жаңа және атауы қайталанатын көшелерге басымдық беріледі. Бұл шешім – Ұлы Жеңісті, оған қатысушыларды қаншалықты қадір тұтатынымызды көрсететін маңызды қадам.

Ұлы Жеңіс туралы ұмытпау дегеніміз, бұл – ең алдымен, ержүрек батырларымызды жадымызда сақтау, олардың жанқиярлық еңбегі мен ерлігін, парызға адал және антқа берік болғанын ұмытпау деген сөз. Біз сол сұрапыл соғыс кезінде теңдессіз батырлық пен батылдық көрсеткен отандастарымызды әрдайым орасан зор құрметпен есте сақтаймыз. Мен Жеңістің 80 жылдығына дайындық туралы осыдан бір жарым жыл бұрын алдын-ала айттым. Соған сәйкес біз «Ұлы Жеңіс: ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі» жоспарын арнайы қабылдап, жүзеге асыра бастадық. Осы ауқымды жұмыстың аясында екі мыңнан астам мәдени, ғылыми-зерттеу, ағарту және басқа да іс-шаралар өткізіледі. Ең бастысы, әрине, мемлекет пен қоғамның ерекше қорғауында болатын құрметті ардагерлерімізге айрықша көңіл бөлеміз. Ұлы Жеңістің мерейлі датасын атап өтуге арналған іс-шаралар легі ауқымды әскери шеруге ұласады. Түптеп келгенде, бұл әскери шерудің мән-маңызы зор болмақ. Себебі, мұны бір жағынан майдангерлер мен тыңгерлерге тағзым десек, екінші жағынан қазіргі күрделі геосаяси ахуалда ұлттық рухымыздың мықтылығын көрсететін символ деуге болады.

Өкінішке қарай, дүние жүзі сенім дағдарысымен бетпесте келген шақта экстремистік идеологияның оралуы, популизм мен талас-тартыстың өршуі, халықаралық құқықтың құнсыздануы, негізгі халықаралық институттардың әлсіреуі байқалады. Сондықтан Қазақстан БҰҰ Жарғысын қатаң ұстануды, Ұйымды реформалауды дәйекті түрде ұсынып келеді. Қазіргі жағдайда БҰҰ баламасы жоқ ғаламдық ұйым болып қала береді. Сондықтан біз БҰҰ-ны қолдаймыз. Еліміз түрлі мемлекеттер мен аймақтардың арасындағы достық пен ынтымақтастыққа, өркениетті диалогты дамытуға дәнекер болу үшін көп күш жұмсап келеді. 20 жылдан аса уақыттан бері барлық негізгі конференциялардың өкілдері ер ұш жыл сайын Қазақстанда бас қосады. Биыл күзде Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының

кезекті VIII съезін өткізу жоспарланып отыр.

Бытыр Астанада Съездің Ізгілік елшілері сайланды. Олар адамгершілік идеяларын ілгерілетіп, әлемде диалог пен өзара түсіністік орнатуға ықпал етеді. Халықаралық қатынастардағы сенімсіздікті еңсеру үшін рухани дипломатиядан бөлек, ҚХА қызметімен ұштасып жатқан халықтық дипломатияның да мол өлеуетін пайдалану керек. Әртүрлі ел мен мәдениет өкілдерінің арасындағы достық байланыс қақтығыстар мен соғыстардың алдын алады. Бұл – ең тиімді тәсіл. Қазақстан халқы Ассамблеясы әлемдегі диалог пен мәдени әралуандықты нығайтуға қызмет етеді. Бүгінде әлем жалпыға ортақ өрлеуге бағытталған жасампаз күн тәртібі мен үлкен жобалардың тапшылығын қатты сезініп отыр. Қазақстан барлық серіктесімен көпжоспарлы әрі нәтижелі жұмысқа ден қояды.

Берекесіздікке бой алдырмау үшін әлемдік қауымдастық мүдделер тоғысатын тұсты іздеуге, күрделі шешімдер қабылдауға және амалсыз мәмілелер жасауға мәжбүр болады. Диалог жоқ жерде, қарсылық пен түсініспеушілік туындайды. Қазіргі сын-қатерлерді ауқымды халықаралық ықпалдастық арқылы ғана жеңе аламыз деп сенемін. Өзара біте қайнаскан әлемде ғаламдық мәселелерді шешудің бұдан басқа жолы жоқ. Сондықтан прагматизм мен өзара құрметке, теңдікке, әділдікке, ешкімді алаламауға негізделген сындарлы келіссөздер мен тұрақты байланыстар халықаралық жағдайды оңалтып, шиеленістердің түйінін тарқатады.

Қазір бүкіл әлемнің болашағы бұлғыңыр болып тұр. Осы алмағайып заманда стратегиялық бағдарымызға сай әрекет ету – алдымызда тұрған аса маңызды міндет. Біз қолға алған ауқымды жобаларды жүзеге асыра береміз. Елімізге инвестиция тартып, өнеркәсіп саласындағы өлеуетімізді арттырамыз. Біз қазіргі ахуалды ескере отырып, ұзақ мерзімге арналған мақсаттарымызға қол жеткізу үшін тиянақты әрі тиімді жұмыс істеуіміз керек.

Тағы бір мәселе. Қазіргі күрделі жағдайды жеке мүддесіне пайдаланғысы келетін түрлі популистер мен саясаткерсымақтар бар. Ел мүддесіне қастық ойлаған ондай адамдарға тұтас қоғам болып қарсы тұруымыз керек. Алда күрделі кезең келе жатыр. Оңай болмайды. Бірақ, алаңдауға еш негіз жоқ.

Мен көп жағдайда «Бұл қиындық та артта қалады» деп ашық айтамын. Сол сөзімді осы жерде тағы қайталағым келеді. Біз сын-қатердің бәрін еңсеріп келеміз. Бұл жолы да солай болады. Ең бастысы, барынша жинақы болып, нақты нәтижеге ұмтылуымыз керек. Кез келген ауқымды дағдарыстан кейін зор мүмкіндіктерге жол ашылады. Сол мүмкіндіктерді дер кезінде әрі дұрыс пайдалану қажет. Өз күшімізге ғана арқа сүйеіп, барлық ресурсты ортақ мақсатқа жұмылдыруымыз керек. Бос сөзге ұрынып, байбаламға салынбай, жасампаз болғанымыз абзал. Әр азаматтың бойында жауапкершілік сезімі өте жоғары болуға тиіс. Қоғамда өзара тілеуестік болуы керек. Әр істе темірдей тәртіп болуы қажет. Сонда еліміз де орасан зор табысқа жетеді. Баршаңызға мәлім, Заң мен тәртіп – менің стратегиялық бағдарымның арқауы.

Мен әр сөйлеген сөзімде осы қағидаттарға арнайы тоқталамын. Таза Қазақстан, Заң мен тәртіп, Адал азамат идеяларының өзегі де – осы.

Құрметті Ассамблея мүшелері!

Кейбір мемлекеттер үшін этникалық әралуандылық сын-қатердің, сенімсіздік пен тәзбеушіліктің белгісі болуы мүмкін. Бірақ бұл біздің жалпыұлттық қазынамыз әрі стратегиялық артықшылығымыз.

Ынтымақ-бірлік, диалог, өзара сенім мен құрмет, азаматтық жауапкершілік – мұның бәрі елімізді қарқынды дамытудың мызғымас қағидаттары.

Осы құндылықтарға арқа сүйей отырып, біз Тәуелсіздіктің зор жетістіктерін сақтап, еселеп, келер ұрпаққа аманаттай аламыз.

Сонда ғана Әділетті Қазақстанды құрамыз. Біз өз жерінде тыныштық пен келісімде өмір сүруге болатынын дәлелдеген, өз тағдырын өзі шеше алатынына көптің көзін жеткізген, болашаққа нық қадам басқан біртұтас ұлтпыз.

Осынау тар жол, тайғақ кешуде еліміздің тәуелсіздігі мен дербестігін нығайтып, барлық қиындықты еңсеріп, мақсатымыздан айнымаймыз.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы – егемендік тарихындағы айтулы оқиға.

Бұл мерейтой әр азаматтың бақ-берекесін арттыру жолында ұлтымызды ұйыстыратын маңызды белеске айналады деп сенемін.

Біз халқымыздың береке-бірлігін нығайтуға үлес қосқан азаматтарымызға әрдайым құрмет көрсетеміз. Отыз жылда жеткен жетістіктеріміз осындай абзал жандардың еселі еңбегінің жемісі екені сөзсіз.

Жұртымыз үшін ең үлкен марапат – елдің тыныштығы. Шын мәнінде, қоғамда татулық болмаса, басқа жұмыстың бәрі бекер болмақ. Береке-бірлігімізді сақтай алмасақ, қастерлі Тәуелсіздігіміздің баянды болуы да екіталай. Еліміздегі тұрақтылықты нығайту үшін Ассамблея мүшелері табанды еңбек етіп келеді. Мен баршаңызға шын жүректен алғыс айтамын. Алдағы уақытта да ел игілігін арттыруға мол үлес қоса бересіздер деп сенемін.

Мен бүгін бірқатар азаматты жоғары мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы шешім қабылдадым. Енді салтанатты рәсімге көшейік.

Ассамблеяның мерейтойы құтты болсын! Бірлігіміз бекем болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Қастерлі Отанымыз – Қазақстан жасай берсін!

Оңтүстік Қазақстан.

Соғыстан жеткен соңғы хат



Анама: «Жігіттердің бәрі майданға кетті, ауылдағы кемпір-шал мен балашаға-лардың арасында бір өзім қалғаным ба!?», – дейді. Аудандық әскери ко-миссариатқа барып, өз еркімен ел қорғауға аттанғысы келетінін айтып, өтініш жасайды. Әскер қатарына алынып, екі ай бойы Шымкент қа-ласында әскери дайындықтан өтеді. 1942 жылдың қаңтар айында «Москва маңындағы шайқасқа аттандырады екен» деген хабарды есітіп, таныс жандардың бірінен туған-туыстарға Шымкенттегі

Жерлесіміз, «Құрмет» орденінің иегері, Шымкент қаласының, Төлеби және Сарыағаш аудандарының Құрметті азаматы, Түркістан облысы ардагер судьялар кеңесінің төрағасы Өмірбек Темірұлы – есімі елге белгілі қариялардың бірі. Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында Өмірбек ағамен жолығып, өткен өмір жолдарын еске түсіріп, аздап сыр шерттіккенбіз. Әңгімеден әңгіме өрбіп, ел басына күн туған, әр шаңыраққа қайғы екелген, талай боздақ елге оралмаған соғыс жылдарын еске алдық.

– Менің әкем Темір Мәтұлы 1908 жылы өмірге келіпті. Төле би бабамыздың ұлы Қожамжардың алтыншы ұрпағы, Шойбек датқаның шөбересі болып келеді. Сегіз жасында әкесінен айырылып жетім қалып, інісі Кемелбек екеуі анасы Тас-тангүлдің тәрбиесінде өседі, еңбекке жастай араласады.

Кеңес үкіметі орнап, алғашқы шаруашылықтар құрылғанда, қолынан көп іс келетін ісмерлігі болғандықтан, ұстаханада жұмыс істейді. Еңбекақысына колхоздан бидай алып, отбасын ас-судан тарықтырмапты. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда, әкем еңбек еткен Бадам ауылдық кеңесіне қарасты «Қызыл октябрь» колхозынан 21-22 жастағы бірнеше жігіт аудандық әскери комиссариаттан шақырту алады. Сол бір топ жігіттердің арасынан мен әкем Темір ұстаханада еңбек ететіндіктен, әрі шаруашылыққа өте қажет болғандықтан, шақыртуды кейінге қалдырып, үйіне қайтарады. Анам Әдемігүлдің айтуынша, ауылдағы әкемнің қатарластарының бәрі әскер қатарына алынған соң тамақ ішпей, терең ойға батып, әбден қамығады.

теміржол вокзалына қай күні жолға шығатындарын айтып, хабар жолдайды.

Анам әкеммен қоштасу үшін өмірге келгеніме енді алты ай ғана болған мені көтеріп, туысқандарымыз бізбен бірге теміржол вокзалына келеді. Қоштасар кезде әкемнің жанында ағайындардан Шойбек датқаның Қырғызбай деген баласынан тарайтын атамыз Сапар Омарұлы, әкемнің інісі Кемелбек (Кемеш) және Сапар Мұстафаұлы деген туыстарымыз болады. Ағайындармен қоштасар сәтте Сапар атамыз анамның қолынан мені алып, жоғары көтеріп тұрып: «Ұл баладан бір атадан бір өзің ғана қалып барасың, сен аман бол, қарағым!», – деп қамыққанда бәрінің көңілі босап, көздеріне жас алған екен.

Содан не керек, жауынгерлер мінген «қызыл поездің» жүретін уақыты жеткені хабарланып, орнынан қозғала бастағанда, шығарып салушылар арасында айқай-шу, жылап-сықтау басталып, біреулері жарыса жүгіріп дегендей, нағыз дүрбелең басталады. Жауынгерлер мінген вагондар біртіндеп алысқа ұзап, көзден таса болғанда, анам Әдемігүл ес жиып, өз-өзіне келгенде ғана өзімен бірге шығарып салуға келгендерің ешқайсының қолында сәбиінің жоқ екенін көріп,

қарай жүгіріп келе жатса, әлгі әкемді шығарып салған жерде ұшатын құстай екі қолын жоғары-төмен сермеп, жалғыз отырған бөпесін көргенде, естен тана жаздап, қорқынышын, ентігін әрең дегенде басады.

Темір өзінің қан майданда жүргенін, есен-саулығын айтып, отбасына, ағайын-туыстарға хат жолдап тұрады. Бір хатында жаумен болған шайқаста ауыр жарақат алып, госпитальда ем қабылдап жатқанын жеткізеді. Одан кейінгі тағы бір хатында жарақаты жазыла бастағанын,



комиссия шешімімен мүгедектігіне байланысты елге қайтарылуы мүмкін болып тұрғанда, И.В.Сталиннің бұйрығымен қолы мен аяғы сау, қолына қару ұстауға мүмкіндігі бар жауынгерлерді майдан даласына қайта аттандыру жөнінде бұйрық түскендігін жазады.

Жауынгер Темір Мәтұлы тағы бір хатында: «Өттең, майдандас жауынгерлер арасында қазақ, қазақ тілін түсінетін бірде бір адам жоқ, қаншама адамның ортасында жүрсең де, ана тілінде шешіліп сөйлесе алмағаннан кейін жалғызсырайды екенсің...», – деп мұңын да шағып алады. Ол ең соңғы хатын 1944 жылдың тамызы айында, анығы осы айдың алтысында жолдайды. «...Шабуылға шықтық, жаңбырдай жауған оқтан алты адам ғана тірі оралдық. Тағы

да шабуылға шығуға дайындалып жатырмыз...», – деп аяқталты.

Осы хатынан соң екі ай уақыт өткенде ауылға әкемнің әскери билетімен қоса майданда қайтыс болғандығы туралы мынандай мазмұнда қара қағаз келеді: «СССР Қарулы Күштерінің үлгілі бөлімінің қатардағы атқышы Матов (Мөтов) Темір Социалистік Отаны үшін соғыста әскери антына беріктігін, батырлығын көрсетіп, 1944 жылғы тамыз айының 6 жұлдызында ерлікпен қаза тапты», – деп жазылыпты. Польша мемлекетінің жерінде жерленгені айтылады.

Өмірбек ағамыз тым алыста, өзге мемлекеттің жерінде жатқан әке зиратының басына барып, құран бағыштап, қабіріне туған жердің бір уыс топырағын салып қайтуды армандап жүрді. Подольсктегі әскери мұрағатынан әке бейітінің қай жерде екенін анық білгеннен кейін Өмекең 1994 жылы зайыбы Роза Зейнелқызымен бірге әке зиратының басына барып құран бағыштап, тағзым етіп, бейітіне туған жерінің топырағын салып, көктасқа: «Төле би тегі Темір, 1908-06.08.1944» деген ескерткіш белгі орнатып қайтты. Осы ескерткіш белгіні қалай сақталғанын көріп өрі құран бағыштап қайту мақсатында Өмекеңнің кіші ұлы Жәнібек 2015 жылы екінші рет атасының зиратына барып, аруағына тағзым етіп

келді.

Темір атамыз Ұлы Отан соғысында майдан даласында шейіт болғанда, бар болғаны 36 жаста ғана екен. Ол кісінің ұлы Өмірбек ағамыз өкеден қалған қара шаңырақтың отын жағып, түтінін түзу түтетіп, жанған шырағын сөндірмей, марқұм әкесінің аруағына құран бағыштап келеді. «Орнында бар оңалар» демекші, Өмекеңнің ұл-қыздары, немерешөберелері Отаны үшін отқа түсіп, шейіт болған майдангердің ұрпағы екендігін мақтан тұтады.

С.ШАКЕНОВ.

Алатау ауылдық округі.

Суреттерде: Өмірбек Темірұлы Польшадағы №136 бауырластар зиратында әке құлпытасының басында; Темір Мәтұлының майдан жолы картасы.

Оңалтай атамыздың кеңесімен тыл ардагері Қазбеков Шот атам бардым.

– Ата, ассалаумағалейкүм! Ұлы Отан соғысы ардагерлері туралы мәлімет жинап жүр едім. Майдангер бауырларыңыз туралы көріп-білгендеріңізді айтып берсеңіз, – деп қолқа салып едім:

– Кім туралы білгің келіп отыр, балам, – деді. Оңалтай атамның «Шот атаңа бар, біраз әңгіме айтады» дегенін айттым. – Ата, бір емес, екі туған бауырыңыз соғысқа барды. Қалшабек атамды танымайды екенбіз. Балға атам туралы айтып берсеңіз, – дедім.

– Балға атаңды көрдің, мінезін жақсы білесің, соғыс туралы әңгіме сұрасаң, айқайлап ұрсып беретін. Бір білетінім, Курск деген жерде фашистердің танкистері мен біздің танкистердің қиян-кескі соғысы болған екен. Балға атаң сол соғыста танкісі жанып, өзі өртеніп кете жаздап, әйтеуір аман қалған екен. Басқасын білмеймін, – деді Шот атам қысқа қайырып.

– Ата, Тойлыбек атам мен Сарыбек атам соғыста жолыққан екен. Сол туралы айтсаңызшы, – дедім.

– Сәду, біз ол соғысты көргеніміз жоқ. Бірақ Тойлыбек атаңнан естігенімізді айтайын, – деп әңгімесін бастады. – Бұл 1942 жылы Ресей ормандарында болған екен. Сарыбек атаң, яғни Сарыбеков Сәуірбай көкеңнің әкесі, сол орманның ішіндегі соғыста қатты жарақат алады, ішек қарны ақтарылып сыртта жатыр дейді. Сол аласапыранда Дүйсебаев Тойлыбек атаңды көріп, танып қалады ғой Сарыбек атаң. Есі кіресілі-шығасылы. «Ееей, Тойлыбек!», – деп Тойлыбеккеңді тоқтатып алады. Тойлыбеккең «Сәке, не болды?! Санитар, санитар!» деп айқайлап жатқанда, Сарыбек жәкем: «Тойлыбек, тыңда, менің халімді көріп тұрсың, осы жер менің мәңгілік мекенім болар. Сен Ұлманайға (жұбайы) өзің хабар бер, мына жағдайды баянда, мені күтпесін. Жалғызым Сәуірбайды қатарынан кем қылмай, ел қатарына қоссын. Оқытсын, осы аманатымды жеткізі!» деп, сол

Кешігіп жеткен аманат

орманда Тойлыбек атаңның қолында жан тапсырған екен.

1944 жылы Тойлыбек атаң қолынан жарақат алып елге оралады. 1945 жылы фашистерді жеңіп, ауыл азаматтары елге келе бастайды. Қара қағаз келгені жылап-сықтап, жоқтаса, қара қағаз келмегенінен күдер үзбей батысқа қарап көз тігіп, күтіп отырады. Ұлманай апамыз да Құдайдан үмітін үзбей, аман болса, бір келер деп Сарыбекін күтіп жүреді. Сарыбектің келмейтінін Тойлыбек қана біледі.

Жылдар өтеді... Сәуірбай көкең жігіт болады, оқиды, үйленеді. Үлкен ұлы Тілеу ағаларың дүниеге келеді. Ол бес жасқа толғанда, Ұлманай апамыз немересін сүндетке отырғызып, елді жинап той бермекші болады. Тойлыбек атамды ауылдағы ақсақалдарды жинап, «Жүріңдер, сендерге айтатын, Ұлманайға айтатын әңгімем бар» деп, Сәуірбай көкеңнің үйіне келеді.

«Ұлманай, сенің алдыңда кінәлімін, сұрапыл соғыс даласында Сарыбекпен осындай жағдайда кездескен едім. Маған «Ұлманайға сәлем де, Сәуірбайды адам қылсын, қатарынан кем қылмасын» деп аманатын айтты» дегенде, отырғандар: «Әй, Тойлыбек! Осынша жыл неге айтпадың?! Қандай адамсың сен?!» деп реніштерін айта бастағанда, Тойлыбек атам: «Иә, кешіктірдім аманатын. Ұлманай, егерде мен саған осы жағдайды келе салып айтқанымда, сенің күйің, Сәуірбайдың жағдайы қандай болар еді? Өзің жас жесір қалған соң, әмеңгерлікпен Айкөз қайыңа қосар еді сені, өйткені жесірін қаңғыртпаған, жетімін жылтатпаған елміз. Ол үйдегі тағдырларың қандай болар еді? Сондықтан айта алмадым. Бірақ саған сендім, етің тірі, ақылың бар әйелсің ғой, Сәуірбайды өзің тәрбиелесең, өзің адам

қатарына қоссаң деп Алладан тілеу-үнді тілеп, сырттай бақылап қана жүрдің. Сарыбектің аманатын той берейін деп жатыр дегенді естіп, енді айтпасам болмас деп, мына жігіттерді ертіп келгенім ғой», деп әңгімесін аяқтаған екен.

Тойлыбек атам, Ұлманай апаларың жоқтауын айтып жылап, сол жердегі ардагер аталарың «ой, бауырымдап», Ошай атаң Сарыбек атаңның рухына бағыштап құран оқып, Ұлманай апана, Сәуірбай көкеңге көңіл айтып, азан-қазан болған, балам, – деп Шот атам әңгімесін аяқтады.

Міне, құрметті оқырман, кішкентай ғана Момынай ауылында осындай оқиғалар болған. Соғыс даласында қалған Сарыбек атамның жалғыз Сәуірбай көкеміз бен Дариға апамыздан 6 ұл, 4 қыз өмірге келіп, үлкен әулет болды. Тойлыбек атамның екі әйелінен 3 ұл, 3 қыз өмірге келіп, ол атамның да ұрпақтары өсіп-өнген әулет болды, ағайын. Соғыс даласында қалған аталарымыз аман болғанда, сол 58 азаматтан қаншама ұрпақ өрбитін еді. Отанды қорғау, елді қорғау жолында шейіт болған бабаларымыздың жандары жәннетта болсын! Еліміз аман, бейбітшілік заман болып, Қазақстанымыз бүкіл әлем таныған, халқы бай, жастары білімді мемлекет болсын.

С.ОШАЕВ,

Момынай жалпы білім беретін мектебінің алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні мұғалімі.



Найзағай жырдың мәңгі сөнбес жарқылы

● Қадыр Мырза Әлінің туғанына – 90 жыл



Тапқыр, аз сөйлеп, көп аңғарту, оқушысын өзінше ойлануға мәжбүрлеу, ашуын артына сақтаған суыққанды сарказм, өмірдің күнгейі мен теріскейіне ашық көзбен жасқанбай, жалтармай үңілу, елге, жерге, халықтың қанымен жаралған өнері мен дәстүріне деген тойымсыз құмарлық – міне, Қадыр поэзиясының дені осылар. Оның поэзиясы – тұтас, бүтін. Ол – найзағайлы ақын! Қалайда бір жалт беріп, тіліп өтпей тыншымайды Қадыр.

Мұқағали МАҚАТАЕВ.

Иә, ұлы тұлғаны ұлы адамдар ғана осылайша Мұқағали ақынды мойындаса, мойындата алса керек. Қазақ поэзиясының туын шырқау көкте желбіретіп, жаңа қырынан дамытуға өлшеусіз үлес қосқан бұл екі ақын – Мұқағали Мақатаев пен Қадыр Мырза Әлінің әдебиетімізде алар орны өте жоғары. Бір таңқаларлығы, бұл екі ұлы ақын да қазақ поэзиясына өз үндерімен келіп, бірін-бірі қайталамай, бір-біріне ұқсамай, жыр өлеміне көктемнің көк төрін күркіреткен ақ жаңбырындай нәсерлетіп келіп, жырқұмар оқырман қауымның жүректерін жаулап алды.

Үстіміздегі жылы Қазақстан халқы ұрпақтарымызға жыр жауһарларын тарту етіп қалдырған әйгілі ақын Қадыр Ғинаятұлы Мырза Әлінің туғанына 90 жыл толуын атап өтуде.

Қадыр ақын 1935 жылы 5 қаңтарда Орал облысына қарасты Жымпиты ауданында өмірге келді. Сол қиын кезеңдердегі өз қатарластары сияқты әкесі қан майданға аттанып, қайта оралмаған балалардың бірі болып сағы-

ныштың сарғайтқан күйін кешті, жетімдіктің тақсиретін тартты. Қадырдың ақындығы мектепте оқып жүргенде, бала кезінде өзін қоршаған ортаның назарын аударма бастайды. Он бір жасында қатарлас балаларды жырына арқау еткен қызықтары да бар. Алғашқы өлеңдері мектеп оқушысы кезінде балаларға арналған басылым беттерінде жарық көре бастайды.

Мен ақынмын,
Әулие емен.
Бақсы емен,
Әрине ғой, күндерім бар көксеген.
Соның бірі – ел есінен шықпайтын бір,
Жазып кету ғажайып бір жақсы өлең.
Керемет күш
Көрнеп шығып жер төсін.
Кесірлердің түп тамырын өртесін!
Деген оймен жатамын да кешқұрым,

Тек сол оймен оянамын ертесін, – деп жырлағандай, халқына мәңгі өлмес көптеген ғажайып туындыларын қалдырды.

Қадыр Мырза Әлі 1958 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетін бітіріп, еңбек жолын «Балдырған» журналында бастады. 1968-1973 жылдар аралығында «Жазушы» баспасында поэзия бөлімінің меңгерушісі болды. «Балауса» баспасының редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының поэзия секциясының меңгерушісі қызметтерін атқарды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің екі рет депутаты, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының мүшесі болды. 1980 жылы Қазақ КСР мемлекеттік сыйлығы берілді. Қазақтың көрнекті ақынының шығармалары орыс, ағылшын, француз, неміс, поляк, болгар, венгер, фин тағы да басқа халықтардың тілдеріне аударылып оқырман қауымға тарады. Оның кітаптары Ташкент, Баку, Бішкек, Москва қалалары баспаларында жарық көрді.

Ақынның қайсы бір өлеңін оқысаңыз да, оқырманын ойландырып, жүрегінен жол табады. Ол қазақ балалар әдебиетінің дамуына сүбелі үлес қосты. Көптеген өлеңдеріне Шәмші Қалдаяқовтан, Нұрғиса Тілендиевтен бастап, қазақтың белгілі композиторларының барлығы дерлік ән жазды, қазақтың ұлы даласын сиқыр әуендермен тербетті.

Сөзіміз құрғақ болмауы үшін әйгілі ақынның өз үнін танытатын бір өлеңінен үзінді оқып көрелік:

Күншілдер өледі
көңілін от қарып.
батырлар өледі
борышын атқарып.
бұзықтар өледі
пышаққа құлшынып,
сұлгулар өледі
құшақта тұншығып.
Ақындар өледі
бөріне таң қалып! Бұл жыр жауһарын әр қазақ көшіріп жазып алып төріне іліп қойса да жарасар еді. Немесе ақынның қазақтың ұлан байтақ жерінің табиғаты мен жануарлар өлемін қорғауға дәрменсіздік, немқұрайлылық танытып келгенімізді жанайқайымен дәлелдейтін «Қызыл кітап» өлеңіне назар салыңыз:

Мылтық көрсем төрлерден іліп қойған,
Менің мазам кетеді күдікті ойдан.
Жұртпен бірге мәз болып,
Ду-ду етіп
Қайта алмаймын одан соң күліп тойдан.
Аяймын мен анасыз,
Атасызды.
Аяймын мен құлынсыз,
Ботасызды.
Хайуанатқа жасаған қиянатың –
Бауырыңа жасаған опасыздық,
Біздің сайда болатын мия қалың,
Ауылдастар ойлайтын ұя қамын.
Мия сиреп,
Ұядан құстар безіп,
Біреу үшін мен де енді ұяламын.
Ұяламын қарауға қарлығашқа,
Шиқылдайсың, балапан, қарның аш па?!

Жалтаңдайсың әр Болат,
Әр Қайратқа,
Жаутаңдайсың әр Баян,
Әр Күләшқа.
Тәрбиен де жақсы еді,
Тәлімің де...
Аян бірақ өмірдің мәні кімге?!
Торғай аттың бір кезде,
Соның үшін
Ұяламын, бауырым, әлі күнге.
Ұяламын қарауға қоңыр қазға,
Толып-ақ тұр бүгінде өмір назға.
Балапанын шұбыртқан қасқалдақтың,
Оқтан көрген қорлығы,
Зәбірі аз ба?!
Қайда кетті,
Кім маған айтады енді
Атыраудың құланы –
Онагры?!
Жер айтады осылай,
Күн айтады,
Күн айтады,

Көңілді мұңайтады.
Ақтөбеде бір кезде піл болғанын,
Кім біледі бүгінде?
Кім айтады?


Айласына талайды айғақ етті,
Қылыш тісті жолбарыс –
Жерлес біздің.
Айтыңдаршы, ағайын,
Қайда кетті?!
Іздеймін мен әр бұта,
Әр талымды.
Момынымды,
Тентегім,
Арқалымды.
Хайуанаттар ғана ма зәбір көрген.
Хайуанаттар ғана ма кеткен құрып?!
Одан көріп,
Ақыры бұдан көріп.
Таласқаннан не таппақ құлан, көрік?!
Жоғалтқанды жоқтаған жөн болғанмен,
Жоғалтпаған жақсырақ одан гөрі.

Ақынның осында көп жыл бұрын көтерген бұл проблемасы жыл өткен сайын күрделеніп бара жатқандығын мезгіл көштің өзі көрсетіп беріп отыр. Қазақстанның жануарлар өлемі мен өсімдіктер дүниесін қорғау, табиғи апаттардың алдын алу – болашағымыздың қамын бүгіннен бастап қолға алу деген сөз. Ел басқарып, елдің жердің қамын ойлайды деп сенім артып жүрген азаматтарымыз жеке басының қамын күйттеуден әрі аса алмай жүрсе, бұл сорлап жүргеніміздің нағыз дәлелі.

Қадыр Мырза Әлі – бүкіл қазақ халқының мақтанышы. Әйтсе де Батыс Қазақстан облысына, Орал қаласына жолымыз түскенде, жергілікті тұрғындар жерлері Қадыр ақынды өздерінен ұядан қияға қанат қағып шырқау биікке самғаған төл перзенті ретінде ерекше қадір тұтып, құрметтейтіндігіне тәнті болғанымыз бар. Әрине, олардың ұлы тұлға айналған өз ұлын мақтан тұтулары әбден жарасымды да.

Қадыр Мырза Әлі өмірінің соңғы жылдары біздің Төлеби ауданына ат басын жиі бұрып келіп жүрді. «Төлеби туы» газетінің редакциясында да болып, дидактасқанымыз да бар. Қадыр ағаның біздің елге келуінің жөні бар. Тасарық ауылының тұрғыны, марқұм Болат Қалқабаев бауырымыздың бел құдасы еді. Біздің Төлебидің, жаныс елінің қызы Қадыр ағаның шаңырағына келін болып түсіп, қуанышқа кенелткен. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі – Қадыр Мырза Әлінің рухани мол қазыналары кейінгі ұрпақтарымызға мәңгілікке азық бола бермек.

О.СҮТТІБАЕВ.



Өткен сәрсенбіде сегізінші шақырылымдағы аудандық мәслихаттың кезектен тыс, XXV сессиясы болып, оны мәслихат төрағасы Н.Қойбағаров

Аудан логотипі бекітілді

жүргізіп отырды.

Депутаттар аудандық мәслихаттың 2024 жылғы 25 желтоқсандағы №21/109-VIII «2025-2027 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне өзгеріс енгізді. Ауданның 2025 жылғы бюджеті бойынша 11870332 мың теңге, шығысы бойынша 12139992 мың теңге көлемінде бекітілді.

Төлеби аудандық жер комиссиясының құрамына өзгерістер енгізілді.

Сессияда Төлеби ауданының үздік логотипі конкурсын өткізу жөніндегі сараптамалық комиссияның 2025 жылғы 27 наурыздағы №3 хаттамасының негізінде ауданның жаңа логотипі (суретте) бекітілді.

Депутаттар Ленгір қаласының №2 және 3 мөлтек аудандарының орталық көшесіне атау беру туралы мәселені қарады. Сессияға қатысып отырған 15 депутаттың төртеуі көшеге бүкіл ғұмырын бала тәрбиесіне арнап, білім саласының дамуына ерекше еңбегі сіңген Төлеби ауданының құрметті азаматы, марқұм Зетбек Ташевтың есімін беруді қолдаса, қалған он бір депутат оған қарсылық білдірді.

Сессияға аудан әкімі Е.Әлімқұлов қатысып, сөз сөйледі.

«Төлеби-ақпарат».

Романовтар әулетінің мерекесіне қатысқан

қазақ

Бұл әңгімені Төңкеріс, Балдыберек (бұрынғы «Красный боец») ауылдарының қариялары Сүлейнбай Бегалиев, Әмірбай Сақов, Шажалы Сағынбековтердің аузынан естіген едім. Олар бүгінде марқұм боп кеткен. Ақсу-Жабағылы қорығының сол кездегі қорықшысы Пошан Әбілдаев оларды қымызмұрындыққа шақырыпты. Біз де жолымыз түсіп, сонда барып қалдық. XX ғасырдың басында осы өңірге болыс болған Балға туралы әңгіме қозғалды. Ол әділетті, халыққа жақын адам болыпты.

Сол кезде Балдыберек, Қаратөбе сияқты ауылдарға Ресейден «қарашекпенділер» келіп қоныстаныпты. Ата-бабаларынан қалған жеріндей иемденіп, қоныстанған жерлеріне Борисовка, Сахаровка, Романовка деп ат қойыпты. Қазақтардың Қаратөбе жотасының үстіндегі Қоғалы-бастау, Ақбастау, Алтын-бастау секілді шұрайлы жайылымдық, егістік жер-

лерін тартып алады. Қазақтардың жерлері тарылып, қиындық көреді. Қазақтар олардан көрген қиянатын жоғары билік орындарына шағымданғанмен, ешкім тындамайды. 1913 жылы Петербургте Романовтар әулетінің Ресейде билік құрғанына 300 жыл толуына байланысты дүркіретіп мерекелік іс-шаралар өткізеді. Оған қазақ даласынан да арнайы делегация шақырылады. Соның ішінде тау аймағының өкілі Балға болыс та барыпты. Тойға қатысады. Делегация құрамында Петербургтің көрнекті жерлерін аралайды. Елге қайтарында қазақ делегациясын II Николай патша зәулім сарайында арнайы қабылдайды.

Сонда патша ағзам: – Маған қандай арыздарың, ұсыныстарың бар. Айтыңдар, дейді делегация мүшелеріне жағалай қарап. Небір атағынан ат үркетін қазақтың би-болыстары: – Бізде ешқандай проблема жоқ. Бәрі жақсы. Сізге

ризамыз, – деп жапа-тармағай бастарын изеп шұлғиды. Бұған Балға болыстың жыны келеді. Сөйтіп, өз пікірін айту үшін қолын көтереді.

Патша ағзам: – Арызың болса, айт, – дейді Балғаның балауан денесіне, батылдығына, түр-тұрпатына сүйсініп.

Балға болыс орнынан көтеріліп, патшаның мерекеге шақырып, бұларды жақсы қарсы алып, қонақжай етіп күткеніне ризалығын білдіре келіп, жерлерінен көптен мазалап жүрген мәселесін айтуға көшеді.

Ұлық мырза, біз мал бағып, сонымен күн көріп жүрген халықпыз. Мал ұстау үшін жер, жайылым керек. Алайда сіздердің бодандарыңыз бізге келіп, сол жерді тартып алып жатыр. Сондықтан жерінен айырылған халық қиналып жатыр. Сол тартып алған жерлерімізді өзімізге қайтарып беруге шарапатыңызды тигізсеңіз және ендігері ондай бодандарыңызды біздің елімізге

жібермесеңіз деп тілейді қарапайым халық.

Патша оған тесіле қарап: – Бұл арызыңызды зерттеп, қанағаттандыруды қарастырамыз, – деп жауап қайтарды.

Балға болыс елге оралады. Біраз уақыттан кейін елге патша ағзам арнайы жіберген комиссия келіп, арызды тексереді. Болыстың арызының шындығына көз жеткізеді. Сөйтіп, жоғарыда аталған жерлердің тең жартысын қазақ шаруаларына қайтарып бергізеді. Жергілікті халық жартылай болса да, теңдікке қол жеткізеді.

30-жылдардағы аштық алдында шолақ белсенділер Балға болыстың азын-аулақ малын тартып алады.

Балға болыс елді ақтап, қайыр сұрауға намыстанып, отбасы мүшелерімен түгел шаңырағында қайтыс болады.

К.ЕЛИКБАЕВ.

Шыңғысхан мен Әмір Темір жақын аталас туыс

1936-1952 жылдар аралығында СССР Ғылым Академиясының Шығыстану институтының ғалымдары Рашид ад-Диннің «Жамиғ Ат-тауарихты» орыс тіліне аударып, нәтижесінде Шыңғысханның шыққан тегі «моңғол» ұғымында қалыптасқан. Рашид ад-Диннің осыдан 700 жыл бұрын парсы тілінде жазылған, кезінде барлық оқымыстылар мойындаған және «ортағасырлық энциклопедия» деп танылған «Жамиғ Ат-тауарихты» қазақ тіліне алғаш рет 2016-2018 жылдары аралығында Халықаралық Түркі Академиясының арнайы жобасы аясында аударған. Зеріпбай Жұманұлы Оразбай кітаптың қазақшасы мен орысшасын салыстырып зерттеп, орысшасында әрескел қателіктердің орын алғанын әшкереледі. Ол: «Рашид ад-Динде» моңғол деген сөз жоқ», – деп, «мұғыл» деп аударған. Демек аудармашы Хатагуров «ң» әрпін қосқан. Алайда парсы тілінде «ң» дыбысы мен әрпі жоқ екен. Моңғолстанның Моңғолстан емес, ол Жетісудың көне аты екеніне М.Х.Дулатидің «Тарих-и Рашиди» кітабынан белгілі екенін келтіріпті. Аудармада Шығыс Қазақстан облысындағы Ертіс пен Бұрқан Қалдұн тауларын мекендеген түркілердің мұғұл тармағынан шыққан Шыңғысхан мен оның тайпасын «моңғол» деп таныту үшін – тау, жер-су аттары қиянатпен моңғолға жеріне мүдделі дәрежелікпен бұрмалап апарылған. Бұрмалаушылар мұнымен шектелмей, сол кездегі көне карталарға бірнеше өзгертулер мен «түзетулер» жасап, ұлтымызға қиянатының іздерін неміс, швед, орыстардың көне картасына енгізіп, бүлдіріп тастағаны анықталды.

Түркілердің мұғұл тармағынан шыққан Шыңғысханның шежіресін алғаш мұғұл тілінде әзірлеген адам Болат чинсаң. Рашид ад-Диннің көрсетуіне қарағанда, сол кездегі түркілердің мұғұл тармағының аса білгірі Болат чинсаң Иран мен Тұран әскерлерінің қолбасшысы болған. Оны кезінде Құбылай қаған Иранға елші етіп жібергендігі «Жамиғ ат-тауарихты» (2016–2018 ж.ж.) қазақшаға аудару барысында ашылды. «Жамиғ ат-тауарихтың» қазақша аударма кітаптағы түркілер мен оның мұғұл тармағына қатысты ең маңызды деректері іріктелініп, «Шыңғысхан» деген кітап оқырман назарына ұсынылды. Сонымен қатар XV және XVI ғ.парсы тіліндегі Шараф ад-Дин Әли Иазидидің «Зафарнамасы» мен Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» атты кітаптарынан алынған: түркі және мұғұл тайпаларының пайда болған уақыттары туралы, мұғұл тармағынан шыққан Шыңғысханның шежіресі Нұх пен Адам Атаға барып тірелетіні, Әмір Темірдің (25-сәуір 1336 ж. – 1406 ж.) Ясукай батырдың баласы Темучинге (Шыңғысхан 1155–1227 ж.) өте жақын аталас туыс екені, 1269 жылы Шыңғысханның Қайду хан атты немересінің бастамасымен шақырылған Талас құрылтайы шешімімен құрылған Моңғолстан және Алтын Орда мемлекеттері Қазақ хандығымен ұштасады.

Шыңғысхан осы күнгі мұңғол атанып отырған буряттардан шыққандығын зерттеу нәтижесінде қазіргі орыс және дүниежүзі ғалымдары жоққа шығарды. Шыңғысханға байланысты оқиғалар түгелі – оның жастық шағы, өсуі, хан тағына келуі және императорлық дәрежеге жету баспалдақтары қазіргі Қазақстан аумағында болғандығы жазылды. Сондай-ақ, «мон-гол» деп аталатын буряттар тарихи деректерде бұрыннан өте аз ел. Олар алып Қытай елі тұрмақ Қалың түркі, қыпшақтарына да (яғни қазіргі қазақтарға) шамасы келмейтін. Сонымен қатар Моңғолия қыпшақ жерінен алыс, бір қиырдағы кішкентай жұрт («кросшечное население» академик А.Федотов). Зерттеп, зерделеп көруге мойнымыздың жар бермей, ескі сүрлеуден шыға алмай жүргеніміз ешкімге құпия емес. Әлемдік зерттеу еңбектерді оқымай, ізденбей, тек қана қазақы ой-пікірмен жүріп, өтірікке құрылған тарихты малданып өлі келеміз. Моңғол ғалымдарының тар түсініктегі өздерінің дәстүрінде жоқ тарихында кездеспеген, көрші шұршіттік жымсықы саясатындағы өтірікті шындай соғып жазғандарына сеніп жүргеніміз әшкереленді.

«Шыңғыс» сөзінің моңғол тілінде мағынасы анықталмайды. Ал оның қазақ тілінде «Шың құз» екенін, әрі шындай биік, әрі құздай терең деген мағына беретінін 1776 ж. жазылған «Түп-тұқиянымнан өзіме шейін» (1993 ж. Алматы, 85-бет) атты кітабында Қазыбек бек Тауасарұлы жазса, екі жүз жылдан кейін Сәкен Сейфулин: «1206 ж. Шыңғыс хан деген ат алған, Шыңғысханның тума аты – Темучин (Теміршын) екен...» деректерді мәлім етіпті. Ең басты нәрсе бұл сөздің бөрінің де төркіні түркі тілі екендігі.

«Алтын Орда» империясының негізін қалаған қыпшақ-қайсақтардың атын өзгертіп, Моңғолияның «Моңғол» атауын алып Алтын Орда империясын құрушы әрі орнатушысы етіп көрсеткенін Кеңестер Одағы Компартиясы Орталық Комитетінің бас хатшысы М.С.Горбачевтың тұсында осы Орталық Комитетте идеологиялық хатшы болған Вадим Медведев: «Бұл маған дейін ұйымдастырылып және қалыптастырылған істер екен. Осылайша, Орта Азия халықтарының тарихына біраз өзгерістер кіргізілді. Бұл Октябрь революциясынан кейінгі Кеңес Одағының ұстанып

отырған саясатына орай істелінген», – дейді. (В.Медведевтің «Испытание историей» кітабынан). Шыңғысханды қазақ тайпасынан шыққандығын тануды аса тиімсіз шындық санаса керек. Осылайша монғолға «үш қайнаса сорпасы қосылмайтын» біздің ата тарихымызды өзімізден ажыратып, саясатқа орай өзгертіп көрсеткенін әшкерелеу, тарихымызды қайтарып алу – қазіргі қазақ билігінің және қазақ зиялы қауымының дәрменіне сын. Солтүстіктегі көршілерімізден сескене түп-тамырымыздан қаша бергеніміз жасқаншақтық болып табылады.

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Бейсенғазы Ұлықбек «Шыңғысхан – моңғол емес, ол моғол» («Жас Алаш» 1 ақпан 2022 ж.) еңбегінде Дешті – Қыпшақ даласын өз уақытысында ру-тайпаларының басын қосып, әрі Аспан асты империясын бағындырған Шыңғысхан туралы қаншама ғасыр айтылса да, жазылса да қай ұлттың өкілі екені анықталып айтылмағанына өкінішін білдіреді. Моңғолияның ғалымдары осылай жазыпты дегеніне көніп, ескі дағдымен тарихымызды жаза беру, осы күнгі дамыған заман талабына мүлде сай келмейтінін ескертті. Оған әлемдік зерттеу еңбектерінде қалай, не жазылғанына сараптай үңіліп, сонан соң қорытынды жасау керектігі айтылыпты.

Бейсенғазы Ұлықбек мырза Шыңғысханның өмір-баянын Қытай мен Моңғолиядан емес, батыстан іздеу керектігін ұсынды. Шыңғысхан халқы – түркілер, оның өзі де моғол емес, түркі. Ал моңғолдар деп аталатын халық – буряттар, Шыңғысхан империясынан бірнеше мың шақырым жердегі кішкентай ел екендігін хорезмдік дін қызметкері Ән-Насивидің кітабынан да ұшыраттық.

Көптеген тарихи деректерде монғол тектес деп жазылған. Бұған жауап Қадырғали Қосынұлы Жалаири, Мұхаммед Хайдар Дулати жазбаларына сүйенген Шоқан Уәлиханов «моғол – четені монғолдармен шатастыруға болмайды, олар мұсылман дініндегі түркітілдес тайпалар», проф. В.В.Григорьев: «моғол – четені нағыз монғолдар деуге болмайды» деп жазды. Г.Левшиннің зерттеуінде XVI ғасырда Қыпшақ пен Чете даласын Дадан хан билеген, моғол ұлысы және қазақтар мекендеген, сол кезде Алтын Орда құрамындағы әр түрлі тайпалардан бөлінген халықтар қазақтарға еріксіз немесе өз еркімен келіп қосылды дейді.

Әрбір жаңа ханды сайлаудағы «ежелгі моңғол» дәстүрін зерттеушілер таба алмаған. Қазақтарда XIX ғасырдың соңына дейін хан сайлау дәстүрі сақталған: көпшілік дауыс алған соң, ақ киізге отырғызылып, үш рет көтеріліп, көпшілік «Хан! Хан! Хан!» деп бар дауыстарымен айғайлап, содан кейін киіз сайлауға қатысушыларға кішкене бөліктерге бөлініп, таратылған. Түркілер тілінде бұл салт «Хан көтеру» деп аталған. Моңғол тарихында мұндай дәстүр жоқ екендігі көпке аян болды.

Ағылшын зерттеуші ғалымы Хилда Хуккемнің Әмір Темір туралы жазған зерттеу кітабында: «...Темірлан империясы да, ата-бабасы Шыңғыс хан мен оның құрған империясы да ежелгі қыпшақ тілінде сөйлейтін», – депті.

Сонда Әмір Темір мен Шыңғысхан империясы қай тайпаның құрған қағанаттары? Әрине, осы күнгі қазақ халқының бірі. Мұны Хилда Хуккем тайға таңба басқандай етіп жазған. Бейсенғазы Ұлықбек: Онда «Өзбектер мен ұйғырлар түркі халықтарының құрамына кіргенімен, олар қарлұқ тайпасына жатады. Түркімендер, түріктер, әзербайжандар оғыз тайпасы болып есептеледі. Бұлар да – түркілер. Қазақтар қыпшақ тайпасына жатады. Сонда Әмір Темір мен Шыңғысхан империясы қай тайпаның құрған қағанаттары? Әрине, қазақтардікі болып шығады», – депті.

Тарихта әрбір империяның соңында оның ізі қалады емес пе? «Моңғол», – деп аталатын империяның кезінде оның құрамында болған елдерде қазіргі моңғолдың қандай ізі барлығын іздегенде; ауысқан дәстүрі, салт-санасы, тіпті өзге жұрттарға жұққан баламалық музыкалық құралдары да жоқтығын айта келіп, Шыңғысхан империясы тұтасымен түркілік тілі, дәстүрі, фольклорлық эпостары және музыкалық құрал-аспаптары осы күнге дейін сақталғандығын көреміз.

Моңғолияның ғалымдары осылай жазыпты дегеніне көніп, ескі дағдымен тарихымызды жаза беру, осы күнгі дамыған заман талабына мүлде сай келмейтінін ескертті. Оған әлемдік зерттеу еңбектерінде қалай, не жазылғанына сараптай үңіліп, сонан соң қорытынды жасау керектігі айтылыпты.

Шыңғысхан жаһандық деңгейдегі ұлы қағанның бірегей тұлғалық болмысы – тұтас әлем, ұшы-қиыры жоқ шетсіз, шексіз дүние екендігі мойындалған. Зерттеушілердің Шыңғысхан туралы өз білгендерін топшылаулары бір-біріне ұқсас, бір қалыптан шыққан теория төңірегіндегі дүниелер. Оның растығына Ш.Жылқыбаеваның «Шыңғысханның жапондық құпиясы» еңбегі арқылы көз жеткіземіз.

Әр халық жақсы ортақтығын жасыра алмай, Шыңғысханды өздеріне қанша тартса да, ешқандай

қасаң қағидаға иілмейтін, болмысын түгел танып білуге оңайлықпен икемге көнбейтін ғажайып тұлға. Жаратушыдан ерекше жаратылған ұлы мүсін. Шыңғысханды жазу оңай еместігінен өмірінде жаза алмай армандап өткендер де бар. «Қазақ әдебиеті» газетіндегі «Шыңғысханның жапондық құпиясы» (№3, 24 қаңтар 2025 ж.) еңбегінде жапонтанушы, Жапония фольклортанушылар ассоциациясының мүшесі Шарафат Жылқыбаева он жыл көлемінде зерт-теушілердің еңбектерін жинақтап, бірнеше ғасыр бұрын жазылған кітаптарға зейін салады. Шыңғысханның Жапониядағы жүріп өтті деген жолына, көне сарайлар мен фольклортану орталықтарындағы ертедегі жазушылар еңбектерімен танысады. Такаги Акимичи, Хаяши Радзан, Араи Хакусэки, Такугава Мицукуни, Суэмацу Кэнчоу, Оябэ Дзэничироу, Киндаичи Кйосукэ, Савада Гэннай, Мамия Риндзоу, Мацура Сэйдзан, Такахаша Тойуюэ, Яманакэ Хисаши, Янаи Ватари, Нумата Йорисукэ, Накашима Рийчироу, Фудзисава Морихико, Торий Рюдзоу, Иноуэ Ясуши, Шимадзу Хисамото, Мори Масао, Чин Шюншин, Мацумия Кандзан т.б. авторлардың көркем туындылары, ғылыми кітаптары, диссертациялардың барлығы Шыңғысханды еске түсіреді.

Шыңғысханның моңғол еместігін ғылыми тұжырымдамалармен, бірнеше ғасыр бұрынғы бұлтартпас көне жазба дүниелермен дәлелденгендеріне көзімізді жеткізеді. Жапон ғалымдары моңғолдар қолданған отыз үш жазу таңбасының арасынан төртеуі жапонның хирагана таңбасы екенін анықтаған. Шыңғысхантанушы жапондар ұлы қағанның моңғолдан шықпағандығын дәлелдеген. Шыңғысханның Күншығыс еліне қатыстылығын зерттеуші ғалымдардың барлығы дерлік бірнеше ғасыр бұрын өмір сүргендер екен. Олардың айтуынша, «Шыңғысхан – Минamoto руынан шыққан самурай» деген теория бекіген.

Көп бекіністер мен зәулім сарайларды салдырған Йошицунэ Шыңғысханның дәл өзі деген түсінік халық арасына кең тараған. Ұлы қағанның Хоккайдодан шығып, үлкен құрлықтағы мемлекеттерді орнатқан. Жеті жүз жыл бұрынғы тарихи кітаптарда самурайдың отыз жасқа дейінгі өмірі Йошицунэ есімімен берілсе, одан кейінгі ғұмыры Тэмудзин деген атпен аталыпты. «Отыз жасында Йошицунэ Коромогавадағы шайқасқа қатысты, одан кейін ол Тэмудзин болды» деген сөйлеммен жапон шежірелерінде баяндалғандай, Йошицунэ Хоккайдодан өтіп, Сібірге, Карафутгоға (Сахалинге) барған. Өмір-баянында бірнеше жылдық кезеңі беймәлім болып қалыпты. Беймәлім кезеңнің сұрағына жапондар «Моңғолияға барып, Шыңғысхан ретінде моңғол мемлекетін құрған» деген үж айтады.

Шыңғысханның ұлы Бабасының Көк Бөриден тууы т.б. көптеген аңыздар мен мифтер жапон фольклорында да сақталыпты. Сэи мен Гэн династияларының негізінде Шыңғысхан (Йошицунэ) ұрпақтары қалғаны көрсетілген.

Ұлы қағанның Корейға (Коукруэй) сапары туралы аңыздар да жақсы сақталыпты. Символикалық тұлғасы көне Дэйорури, Кабуки, Кйогэн сахналық қойылымдарына арқау болған. Шыңғысхан батырлығымен қоса ғұлама, хакім, ақын болған. Оның иероглифтермен таңбалаған мұралары Жапонияда сақталған.

Шыңғысханның жапонға қатысы барлығын және Миномото руынан шыққандығын дәлелдеу үшін қаған болмысын бүге-шігесіне дейін зерттеген жапон ғалымдары тек бір нәрсені ғана аңғармай ұмыт қалдырыпты. Ол Шыңғысхан және Йошицунэ есімдерінің мәндес екендігі. Қос есімнің сәйкестігі – «Дзингисукан» (Чингисухан) аты төрт иероглифтен тұрады. Дзин – толыққанды жүзеге асыру, пісіп, межесіне жету, шындық, әділдік, саф жүрек деген мәнді. «Ги» деп оқылатын екінші иероглиф «жақсы ырым» ұғымына сай. Ал «су» таңбасы – ойлау, жақсы көруді көрсетсе, «кан» маңдай терді білдіріп, көне түркілердің «ел билеушісін» бейнелейді, яғни «хан» мәніне сәйкес. Енді Йошицунэге мән берсек: Йоши (ги) иероглифті тура жол, әділдік, мән-мағына дегенді білдіреді. Цуно (кэй, кйю, кин) – қасиетті жазуды айқындайды. Шыңғысхан (Чингисухан, Дзингисукан) мен Йошицунэ болмысы – әділетті, тура жолдағы, терең ойлы, мақсатын жүзеге асыру жолындағы парасатты, ойшыл ер адамды бейнелейді. Бұл сәйкестікті жапондар аңғармаған болар.

(Жалғасы келесі санда).

**Жақсылық
СЫДЫҚБАЙҰЛЫ,
Қазақстан
Жазушылар
Одағының мүшесі.**



Түзу бастап ақ жолды кесе көрме,
Иман тонын үстіңнен шеше көрме...

Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

Өзін мұсылман қауым қатарына санайтындардың бәрі ислам дінінің өзі бес парызға негізделгенін жақсы біледі. Кімде-кім осы бес парызды иман келтіріп орындамаса немесе тиісті амал істемесе шынайы, нағыз мұсылман болып саналмайды.

Осы бес парызмыздың біріншісі – Аллаһтан басқа тәңір жоқ екеніне және Мұхаммед Аллаһтың елшісі екендігіне иман келтіріп, куәлік ету.

Екінші парыз – намаз оқу. Исі мұсылман қауым тәулігіне бес рет оқылатын бес уақыт намазды Аллаһ Тағала өзінің пенделеріне өз хақысының өтелуі үшін, берген нығметтеріне шүкіршілік қылу үшін және мұсылман мен Раббысы арасында байланыс болсын деп бекіткен.

Үшінші парыз – зекет беру. Зекет – байлығы, мал дүниесі белгілі нысапқа (мөлшерге) жеткен дәулетті мұсылмандар тарапынан кедейлерге, кембағалдарға жылына бір рет берілетін садақ.

Төртінші парыз – ораза тұту. Барлық мұсылмандар һижра есебімен жылдың тоғызыншы айында ораза тұтады. Бұл айда бүкіл мұсылмандар барлық табиғи және нәпсілік құмарлықтарынан таң атқаннан күн батқанға дейін мүлдем тыйылады.

Бесінші парыз – қажылық қылу. Ислам шариғатында қажылық деп белгіленген уақытта ниет қылып, белгіленген ғибадаттарды орындау үшін Меккедегі Аллаһтың үйі қасиетті Қағбаны зиярат қылу. Аллаһ тағала қажылықты жағдайы келгендерге парыз етті.

Жоғарыда мұсылмандықтың бес парызын естеріңізге салуымыздың басты себебі, «өзін мұсылманмын деп санайтындардың бәрі бес парызын өмір бойы мүлтіксіз орындап жүр ме?» дегендей орынды сауал туады.

Біз нағыз мұсылман болуымыз үшін ең алдымен иманды – жүрегіне иман нұры ұялаған жан болуға

міндеттіміз. Иmandылық сөзінің өзі иманнан шыққаны белгілі. Иман – жүректегі нұр, imandyлық соның сыртқы пішіні. Иmandылық – Алла Тағалаға иман еткен адамның

Жүректе иман болмаса, бәрі бекер

ой-санасы мен тұла бойына тұнған көркем мінез. Иmandылық барлық, тіпті өзін нағыз мұсылман санайтын кейбір адамнан табыла бермейтіндігін күнделікті өмірімізде көріп әрі куә болып жүрміз.

Бұрынғы өткен бабаларымыз ұрпақтарының жүрегіне иман нұрын ұялатуға ерекше көңіл бөлген. Жүсіп Баласағұни бабамыз заманында «Түзу бастап ақ жолды кесе көрме, Иман тонын үстіңнен шеше көрме...» десе, Ұлы Абай: «Жүрегіңде иманы жоқ адам – бақылаусыз адам... Имансыз елден ұят қашады» дегендей тереңнен ой толғайды.

Бұрындары түркітілдес халықтар арасында, Тәңір дініне, отқа, Ай мен Күнге табынып келген бабаларымыздың ислам дінін қабылдап, мұсылман болғаннан кейін санасы мен сезімі, өмірге көзқарасы күрт өзгергені мәлім.

Аталарымыз imandyлық жолында ислам дінін қабылдағаннан кейін де бұрынғысынша ата салты мен дәстүрін, ана тілін ең басты тірегі етті. Қазақ халқы адамгершіліктің ізгі қасиеттерінің бәрін сақтап, ұлқыздарының жүрегіне иман нұрын дарыта білді. Ақылдылық – адамгершіліктің ең алғашқы сатысы, бір-бірімен кездескенде сәлемдесуі адамгершіліктің бастамасы, сыйласа білу сол адамгершіліктің ары мен нұры, құрметтеу қолдаушысы деп ұқты. Сондай-ақ кішіпейілділікті, ізеттілікті, мейірімділікті басқа да ізгі қасиеттердің бәрін жүрегіне иман нұрын ұялатқан жандардан көріп, біліп, оларды құрмет тұтты.

Арамызда өзін нағыз мұсылман қатарына санап, мұсылмандықтың бес парызын орындауға барынша ұмтылып жүргендер аз емес. Ондай жандардың қатары

көбейе түскеніне қуанамыз. Бір ғана мысал. Бүгіндері Меккеге барып, мұсылмандық бес парызының бірін орындап, қажы атанған бауырларымыздың саны жыл санап артып келеді. Біз үшін бұл да – жақсылықтың нышаны. Десек те, кейбір Меккеден қажы болып оралғандардың кейбірінің сол бес парызын түгел орындамайтындығы, «ұмытып кете» беретіні байқалып, сезіліп қалады. Бір таңқаларлығы, сол қажы болып келгендердің арасында бұрынғы қарапайым мінезінен жаңылып: «Сендер менімен салыстырғанда кімсіңдер? Мен Меккеге барып қайтқан қажымын, менімен салыстырғанда сендер сонша кім едіңдер!», – дегендей басына сәлде орап кекірейе қалып немесе сызданып сөйлеп, көкірегін керіп, бұрынғыдан да тәкаппарлана түсетіндер кездеседі. Шындыққа келсек, ілімі, ойы мен санасы кемістер сол мұсылмандық бес парыздың бәрін өзін өзгелерден дара көрсетіп, жұрт көзіне түсу үшін емес, ең алдымен өз жүрегіне иман нұрын ұялату үшін атқаратынына, бұл оның мұсылмандық парызы екендігіне ой-санасы жете бермейді. Ұлы Абай ондай көкірек көзі соқыр жандарды мұсылман қатарына қоспайды.

Иә, жүрегімізде иман нұры болмаса, сол иман нұрын өзіміздің, ісі мұсылман қауымның көкірегіне, ой-санасына сіңіріп, нұрландыра түсуге шама-шарқымыз жетпесе, исламдағы бес парызымыздың бәрін түгел орындай алмасак, онда өзімізді мұсылман қатарына санағанымыздың өзі бекершілік болар еді.

С.ОРЫНБАСАР

Әдебиет әлемінің ақтаңгері

Біз, қазақтар өзімізді жылқы мінезді халықпыз дейміз. Қазіргінің қазақтары жылқының етін, қазысы мен қартасын жеп, қымызы мен саумалын ішіп алып өздерін жылқы мінезділердің қатарына санап жүр. Бірақ, олай емес, ақиқатын айтсақ, олардың бірінің бойынан жылқыға тән мінезді емге таппайсыз.

Жылқы мінезді болу үшін тұлпар баптап, оның шөбін, жемі мен суын уақтылы беріп, көкпар шауып, бәйгеге жүйрік қосып, желіге құлын байлап дегендей қолы-

сат», «Барыс» ордендерінің иегері, Оңтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы М.Байғұт өзінің ең алғашқы шұрайлы әңгімелерімен әдебиетсүйер қауымның жүрегін жаулап алған нағыз ақтаңгердің өзі болатын. Ол қазақ журналистикасын да биік белеске көтеріп кетті.

Бүгіндері Түркістан облысында жазушының туғанына 80 жыл толуына орай «Әдебиет әлемінің ақтаңгері» деген тақырыпта Мархабат оқуларының байқауы өтуде.

Ауданда жеңімпаз атанған үміткерлер облыстық байқауда бақ сынады. Төрт кезеңнен тұратын бұл байқауды аудандық орталықтандырылған кітапхана кітапханашылары аудандық мәдениет үйінде ұйымдастырып, өткізді.

Бірінші кезеңге қатысушылар М.Байғұт шығармаларынан иллюстрациялық сурет салудан, екінші кезеңге қатысушылар жазушы шығармаларын мөнерелеп оқудан өзара бақ сынасты. Үшінші кезеңде сынға түсушілер қаламгердің жарық көрген мақалаларына зерделеу жоба жұмыстарын қорғады. Төртінші кезең бойынша жазушы шығармаларынан көрерменге сахналық қойылым көрсетті.

Ашығын айту керек, кейбір үміткерлер байқауға дайындықсыз келгені байқалып қалды. «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» демекші, қазылар алқасының шешімімен бірінші кезең бойынша Бірінші Мамыр ауылдық кітапханасының оқырманы 9-сынып оқушысы Гауһар Ералхан, екінші кезең бойынша Ленгірдегі арнайы дарынды балалар мектеп-интернатының 7-сынып оқушысы Айару Тұрдыбек, үшінші кезең бойынша қалалық кітапхананың оқырманы, 10-сынып оқушысы Нұрбибі Жүніс, төртінші кезең бойынша Қайнар ауылдық кітапханасының кітапханашысы Нұржамал Амангелдиева жеңімпаз деп танылып, Түркістан қаласында өтетін облыстық байқауда аудан намысын қорғайтын болды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге, байқауға белсене қатысушыларға бағалы сыйлықтар мен аудандық орталықтандырылған кітапхана директоры С.Шикинаның Алғыс хаттары табыс етілді.

Байқауға қатысушылар мен көрерменге аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары халық әндерін тарту етті.

Ә.МОНТАЕВА,

аудандық кітапхананың кітапханашысы.



ңыздан күнде жүгеніңіз бен шылбырыңыз, құрығыңыз түспеуі керек. Нағыз қазаққа тән жылқы мінезін сонда ғана бойыңызға сіңіре аласыз. Сонау қар жамылған елкендегі саха ағайындар мұздың он бір түрінің, ал жүйрік мінген қазақтар жылқының отызға тарта түрінің түсін ажырата алады екен. Соның ішінде ең сирек ұшырасатын жылқы түрі – ақтаңгер.

Қазақ прозасына басқа ешкімге ұқсамайтын өз үнімен келген Мархабат Байғұт ағамыз қазақ әдебиетінің нағыз ақтаңгері болатын. Бүгіндері арамызда жүргенде Мархабат ағаның 80 жасқа келген мерей жасын өзімен бірге атап өткен болар едік.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстанның құрметті журналисі, халықаралық «Алаш» және «Түркі әлеміне қызмет» сыйлықтарының, «Құрмет», «Пара-

Жарамсыз деп табылсын

Нурмаханбетов Куат Рысбековичтің меншігіндегі «MITSUBISHI LANCER» маркалы автокөліктің 120AU013 мемлекеттік тіркеу номері (алдыңғы) жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

№4 Қ.Сәтбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп ұжымы осы мектептің ағылшын тілі пәні мұғалімі Орынбекова Мәдинаға анасы

БАЙЫМБЕТОВА Шәрікүлдің

қайтыс болуына байланысты көңіл айтып, қайғысына ортақтасады.

Төлеби аудандық ауруханасында 27 сәуір мен 3 мамыр аралығында Еуропалық имундау апталығы «Барлығын имундауға қол жеткізу – біздің қолымызда» қағидасымен өтті.

Имундау апталығы бір мезгілде барлық елдерде өткізіледі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы аталған іс-шараны 2005 жылдан бастап жүргізіп келеді. Шараның негізгі міндеті – тұрғындардың назарын имундаудың мәселелеріне аудару. Мақсаты вак-

Имундау апталығы өтті

цинациялау өмірді сақтайтынын еске салу болып отыр. Егудің арқасында Қазақстанда 1996 жылдан бастап полиомиелит, 2009 жылдан бастап дифтерия тіркелмеген. Эпидпаротитпен сырқаттанушылық 100 еседен астам, А гепатиті – 32 есе, В гепатиті – 92 есе, қызамық – 2000 есеге төмендеді. Өкінішке қарай, қол жеткізілген жетістіктердің салдарынан біз инфекцияның қаншалықты қауіпті екенін ұмыта бастадық.



Бүгінгі таңда имундау бағдарламасы 21 инфекциядан қорғауды қамтиды. 2024 жылдан бастап Ұлттық күнтізбеге 11-13 жас аралығындағы қыздарға арналған АПВ-ға қарсы вакцинациялау қосылды. 2024 жылдың күзінен бастап Төлеби ауданында АПВ-ға қарсы вакцинация жүргізілуде.

Имундау – қауіпті жұқпалы аурулардан қорғандың ең сенімді жолы. Ол:

- аурудың алдын алады;
- асқынуларды болдырмайды;
- қоғамдық имунитетті қалыптастырады;
- өмірді сақтайды.

Құрметті ата-аналар, екпе сіздің балаларыңыз үшін өте маңызды. Екпе алу арқылы балаңызды аурудан сақтайсыз.

Б.АГМАНОВА,

Төлеби аудандық ауруханасының эпидемиолог-иммунолог дәрігері.

Өткен аптада Момынай ауылдық мәдениет клубында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай «Шабытымның асқары – тамсандырған ауылым!» атты шығармашыл балалардың сурет байқауы өтті. Байқауға аудан мектептерінен 30-ға жуық оқушы қатысты. Байқаудың 1-кезеңінде балалардың еркін тақырыпта салып келген бейнелеу өнері

Жас суретшілер байқауы



туындылары сарапқа салынса, екінші кезеңде жас суретшілер өздеріне берілген уақытта «Шабытымның асқары – тамсандырған ауылым!» тақырыбында әртүрлі техникада (кескіндеме, акварель, гуашь, аралас техника) сурет салды.

Шығармашыл балалардың қылқаламынан шыққан туындыларға Ә.Қастеев атындағы өнер және дизайн колледжінің оқытушылары: ҚР Суретшілер одағының мүшесі, «Дизайн» бөлімінің меңгерушісі Тастанбеков Асылбек Әмірбекұлы мен оқытушы-модератор, өнертану ғылымдарының магистрі Исаева Назым Мархабақызы қазылық жасады.

Ең үздік деп танылған шығармалардың авторлары жүлделі орындарға ие болды. Олар: I орын иегері – Балықбаев Әділет (суретте ортада), екі II орынның бірі – Чищенко София, екіншісі – Ералхан Гаухар, III орынға ие болғандар – Сәрсен Шұғыла, Тойымбет Мерей, Сапар Балнұр. Жүлдегер оқушыларға дипломдар мен аудандық мәслихат депутаты Сәкен Мәженовтің демеушілігімен естелік сыйлықтар табыс етілді. Олардың ұстаздары Алғыс хатпен марапатталды. Ал байқауда өнерімен дараланып, белсенділік танытқан оқушыларға сертификат табысталды.

Ғ.ТАҒАЕВ,
Момынай жалпы білім беретін мектебінің мұғалімі.

Патриоттық әндер шырқалды

Аудандық мәдениет үйінде қазақтың көрнекті композиторы, дәулескер күйші, белгілі дирижер, Қазақ КСР, КСРО халық әртісі, Халық қаһарманы Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 100 жыл, Қазақстанның халық әртісі, өнші, композитор Ескендір Хасанғалиевтің туғанына 85 жыл толуына орай қазақ композиторларының патриоттық тақырыптағы әндерін халық арасында кеңінен дәріптеп, жастарды отансүйгіштікке баулу мақсатында «Менің өлім – Мәңгілік ел!» атты патриоттық ән орындаушылардың аудандық байқауы өтті.

Байқауға алдын-ала іріктеуден өткен 13 үміткер қатысып, өз өнерлерін ортаға салды. Қазылар алқасының шешімімен төмендегідей нәтиже шығарылды: бас жүлде Қансейіт Ақтолыққа (Мәдени ауылдық клубы) бұйырды. I орынды Нышан Жәния (Сарқырама ауылдық мәдениет үйі), II орынды Ләтіпбек Ақтілек (Қостөбе ауылдық клубы) иеленсе, III орынға Рахметов Жеңісхан (Диханкөл ауылдық клубы) лайық деп танылды.

«Төлеби-ақпарат».

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

«Төлеби туы» газетінің келесі саны 16 мамыр күні шығады.

РЕДАКЦИЯ.

Облыстық байқаудан жүлдемен

Түркістан қаласында асыл сөздің маржаны мен терең ойдың тұнығын әуезді әнмен жеткізетін терме өнерін өскелең ұрпаққа кеңінен насихаттау, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, ұлттық өнердің мәйегі болып табылатын дәстүрлі ән мен терме жанрын дамыту мақсатында ҚР халық әртісі, профессор Қажыбек Құдайбергелі Бекбосыновты еске алуға арналған облыстық «Балалар рухы үн қатты» атты дәстүрлі өнші, термешілер байқауы өтті. Осы байқауда ауданымыздың намысын қорғаған Мұрат Нұрғиса III орынға ие болды.

Жүлдегер жерлесіміз байқауда халық өні «Бесқарагерді» және Қайыпназар Әйтпеновтің «Сөйле, тіл» атты термесін нақышына келтіріп орындады. Нұрғисаны байқауға дайындаған жетекшісі – аудандық мәдениет үйінің дәстүрлі ән және терме жанры бойынша әдіскері Бейсетаев Досжан.

Музыканттар отбасында тәрбиеленген Нұрғисаның әкесі қалалық саз мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ерлан Керімбаев, анасы Салтанат – М.Әуезов атындағы жалпы білім беретін мектептің музыка пәні мұғалімі. Әпкесі Астанадағы «Шабыт» университетінің студенті, көптеген конкурс-

● Бәрекелді!

тардың жүлдегері. Нұрғисаның өзі – қазіргі таңда Шымкенттегі музыка колледжінің 4-курс студенті.

Айта кетейік, Мұрат Нұрғиса аудандық байқауда 1-орынды иеленіп, облыстық байқауға жолдама алған болатын. Дәстүрлі ән мен терме



жанрын дамытуға өз үлесін қосып жүрген жас өнерпазға келешекте де биік белестерді бағындыра беруіне тілектеспіз!

ҚР чемпионатындағы жетістік

Жуырда Алматы қаласында 2009-2010 жылы туған жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында кикбоксингтен Қа-

пиондары мен жүлдегерлері жиналған тартысты жекпе-жек сайысына Төлеби аудандық №3 балалар мен жасөс-

- Абрамян Жасмин 60 кг – I орын;
- Бекетай Балтабай 39 кг – III орын;
- Алималин Дина 40 кг – III орын.

Осылайша шәкірттеріміз еліміздің чемпионатында жүлде қоржынымызға 1 алтын, 2 қола медаль салып, арнайы дипломдармен марапатталды.

Шәкірттерімізді және жаттықтырушылары Рақымжан Тасболатовты, Әли Қожамсүгіровті, Нұркен Өтебаевты Қазақстан Республикасының чемпионатында қол жеткізген жетістіктерімен құттықтаймыз!

Алдағы уақытта шәкірттеріміз Азия және Әлем чемпионаттарына жан-жақты дайындықпен барып, көк туымызды биікте желбіретеді деп сенеміз!

Н.КЕНБАЕВ,
аудандық №3 балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің әдіскері.

Суретте: жеңімпаз және жүлдегер шәкірттеріміз бапкерлерімен бірге.



зақстан Республикасының чемпионаты өтті. Дүбірлі додаға еліміздің барлық өңірлерінен 200-ден астам жасөспірім кикбоксерлар жиналды.

Өр облыстың кикбокс чем-

пірімдер спорт мектебінің шәкірттері Түркістан облыстық құрама командасының сапында өнер көрсетіп, жеңімпаздар мен жүлдегерлер қатарынан көрінді. Атап айтқанда:

Меншік иесі: «Төлеби туы kz» қоғамдық-саяси газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ЖШС ДИРЕКТОРЫ –
БАС РЕДАКТОР
РАХМАНҚҰЛОВ
Әбдімәлік
Түймебекұлы**
8-701-408-72-32

Бас редактордың орынбасары
Орынбасар СҮТТІБАЕВ (экономика және руханият)
8-706-413-11-56.
Бөлім меңгерушісі Ақжан ИМАНАЛИЕВА
(әлеумет, бұқарамен байланыс)
6-23-23, 8-702-494-81-71
Бас есепші Жанар ЕРЕЖЕПОВА
8-705-887-51-61.
Дизайнер Нұрғұл МАМЫТХАНОВА
8-705-897-01-02 (жарнама)

Газеттің осы нөміріне жауапты кезекші
Ақжан ИМАНАЛИЕВА.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «АР-принт-1» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Баспахананың мекенжайы:
Шымкент қаласы,
Тәшенов көшесі, №24 үй.
Газетке жазылу индексі 66744
Таралымы 2974 дана. Тапсырыс №

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Редакция материалдардағы фактілердің дұрыстығына автор жауапты өкөндігін ескертеді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұны үшін редакция жауап бермейді.

«Төлеби туы» газеті Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2013 жылғы 20 маусымда тіркеліп, №13693-Г куәлігі берілген.



Біздің мекенжайымыз: 161101, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Ленгір қаласы, Төле би көшесі, 111 "Б" үй.